БАСТЫ ТАҚЫРЫП:

ОРМАН ТЫНЫСЫН АШАТЫН ЖОБА

2 бетте

12+

2026 жыл / 3 шілде / жұма / 71 (19911)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

Qostanai tańy

kostanaytany.kz e-mail: kostanaytany@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саясиэкономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

Мерекеге байланысты газеттің келесі саны 8 шілдеде шығады

ТРАКТОРДЫ ҮЙДЕН БАСҚАРАДЫ

3 бетте

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАНАШЫРЛАРЫ

6 бетте

ТАРЛАНБОЗ ТҰЛҒА ТҰҒЫРЫ

8–9 бетте

СӘЙЛЕ, ЦИФР!

ҚАЛАҒА 13 ЖАҢА АВТОБУС ЖЕТКІЗІЛДІ

5 бетте

Орман тынысын ашатын жоба

Сералы МЫРЗАБАЙ

Қаланы көріктендіру тек жаңа ғимараттар тұрғызумен өлшенбейді. Өңірдің шынайы өркендеуі адамға жайлы, табиғатпен үндес өмір сүру ортасын қалыптастырудан басталады. Қостанай ауданындағы Мичурин ауылы аумағындағы орман алқабында бой көтеретін жаңа экопарк – осы ұстанымның нақты көрінісі. Облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың қатысуымен мемлекеттік орман қоры аумағында салынатын экосаябақтың құрылысына ресми түрде старт берілді.

Облыс әкімі өңірде қоршаған ортаны жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Саябақтарды көбейту – экологиялық және климаттық жағдайды жақсартудың негізгі құралы. Соңғы екі жылда облыс орталығында заманауи үлгідегі жеті саябақ пайдалануға берілді. Осы кезеңде 277 мыңнан астам ағаш пен көшет отырғызылды. Биыл тағы 77,4 мың ағаш егуді жоспарлап отырмыз. Мемлекет басшысының ірі қалалар мен облыс орталықтарының маңында экопарктер құру жөніндегі тапсырмасына сәйкес өңірімізде екі экосаябақ салынады. Бүгін біз соның алғашқысының құрылысын бастаймыз», – деді өңір басшысы.

Жаңа экопарктің жалпы көлемі 43,8 гектар. Жоба табиғи ландшафтты сақтай отырып жүзеге асырылады. Оның жалпы құны 660 миллион теңге. Экопарк тұрғындардың белсенді әрі қауіпсіз демалысына арналған заманауи қоғамдық кеңістікке айналады. Мұнда автотұрақтар, футбол және волейбол алаңдары, воркаут аймағы, балалар ойын алаңдары, демалыс орындықтары мен беседкалар салынады.

«Жоба аясында ұзындығы 2 525 метр болатын велосипед жолы мен 2 015 метрлік жүгіру жолы төселеді. Сонымен қатар 300 автокөлікке арналған тұрақ және салынып жатқан Астана тұрғын үй шағын ауданына апаратын жерасты өткелі қарастырылған. Экопарктың басты ерекшелігі – табиғи орманды сақтай отырып, тұрғындардың күнделікті серуендеуіне, спортпен шұғылдануына және отбасылық демалысына қолайлы жағдай қалыптастыруы», – деді Қостанай ауданының әкімі Олжас Нұрғалиев.

Сондай-ақ, облыс әкімі Қостанай мен Тобыл қалалары ортасында салынып жатқан Courtyard by Marriott Kostanay қонақүй кешенінің құрылыс барысымен танысты. Құны 16 миллиард теңге болатын жоба толықтай жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылып жатыр.

«Мемлекет басшысы инвестиция тартуға қолайлы ахуал қалыптастырудың, шағын және орта бизнесті, сондай-ақ заманауи туристік және сервистік инфрақұрылымды дамытудың маңызын бірнеше рет атап өтті. Бүгінде Қостанай облысы қарқынды дамып келеді. Соңғы үш жылдың өзінде өңірде KIA автокөлік зауыты, жүк көліктеріне арналған жетекші белдіктер мен қозғалтқыш бөлшектерін шығаратын кәсіпорындар, теміржол серіппелерін өндіретін зауыт іске қосылды. Қазір жеңіл автокөліктерге арналған автокомпоненттер шығаратын жаңа өндіріс ашылуға дайындалып жатыр. Мұндай ірі жобалар жаңа инвесторлардың келуіне жол ашып, халықаралық деңгейдегі қонақүй инфрақұрылымына деген сұранысты арттырды. Бизнес қауымдастығы бұл сұранысқа дер кезінде үн қосты», – деді өңір басшысы.

Жалпы ауданы 15,6 мың шаршы метр болатын қонақүй кешенінде 142 нөмір, екі тақырыптық мейрамхана, панорамалық Sky Bar, 600 орындық конференц-зал, келіссөздер бөлмесі, фитнес орталығы, SPA-аймақ және бассейн жұмыс істейді. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін 140 жаңа жұмыс орны ашылады.

Облыс әкімі құрылыс алаңының су тасқынынан қорғалу мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, нысанның қауіпсіздігі жобалау кезеңінде толық ескерілген.

«Бұл аумақта қорғаныс бөгеті салынады. Сондықтан су тасқыны қаупіне алаңдауға негіз жоқ. Бөгеттің биіктігі мен барлық техникалық шешімдер жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалған. Құрылыс жұмыстары бекітілген жоба бойынша жүргізіліп жатыр. Барлығы тұрақты бақылауда. Бұл – Қостанай облысы үшін ауқымды әрі инвестициялық сыйымдылығы жоғары жоба. Біз бұрын мұндай деңгейдегі нысандарды көп көрген жоқпыз. Осындай ірі жобалар өңірімізде жиі жүзеге асуға тиіс. «Marriott» қонақүйінің салынуы – инвесторлар мен бизнес қауымдастығына берілетін маңызды белгі. Бұл Қостанай облысында ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға барлық қажетті жағдай жасалғанын көрсетеді. Инвесторлар өңірге келмес бұрын оның әлеуетін жан-жақты зерттейді. Олар үшін халықаралық деңгейдегі қонақүйлердің, жыл бойы тұрақты жұмыс істейтін әуежайдың және дамыған инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның болуы аса маңызды. Осындай жағдайлардың барлығы жаңа инвесторларды тартуға ықпал етеді. Біз алдағы уақытта да өңірге ірі инвестициялық жобалардың көптеп келетіндігіне сенеміз», – деді облыс әкімі.

Айта кету керек, бұл өңіріміздегі алғашқы Marriott брендімен салынатын қонақүй. Қазақстанның өңірлері арасында мұндай халықаралық желінің келуі үлкен мәртебе. Қазір құрылыс алаңында қабатаралық жабын плиталарын орнату, темірбетон конструкцияларын тұрғызу жұмыстары жалғасуда. Шатырдың металл конструкциялары толық монтаждалып, ішкі кірпіш қалқаларын қалау жүргізіліп жатыр. Жобаны 2027 жылы аяқтау жоспарланған. Жаңа қонақүй кешені іскерлік туризмді дамытуға, халықаралық форумдар мен конференцияларды өткізуге қолайлы жағдай қалыптастырып, Қостанай облысының инвестициялық және туристік тартымдылығын арттыруға қызмет етеді. Сонымен қатар бұл жоба өңірдің сервистік қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтеретін маңызды нысандардың бірі болмақ.

Осы атқарылып жатқан жұмыстарды қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері, кәсіпкерлер, белсенді жастар арнайы барып көрді. Белгілі спортшылар, «Жасыл ел» жастар қанаты экосаябақ құрылысының басталуына қатысты.

Суреттерді түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ
Қостанай ауданы

Филиалдың басшылық құрамы жасақталды

Айбек ЖҰЗБАЙ

«Әділет» партиясының Қостанай облыстық филиалында конференция өтті. Оның қорытындысы бойынша филиал басшысы, Саяси кеңес және Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері сайланды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Конституция – Жаңа Дәуір» атты Үндеуін қолдау болды. Сондай-ақ қатысушылар партияның облыстық филиалының басқарушы органдарын құру мәселелерін қарастырды.

Ашық дауыс беру қорытындысы бойынша Бибігүл Аққожина облыстық филиалдың Басшысы болып сайланды. Оның мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметте көпжылдық тәжірибесі бар. Жаңа лауазымында ол облыстық филиалдың қызметін, партияның бағдарламалық мақсаттарының іске асырылуын және азаматтармен өзара іс-қимылды үйлестіреді.

Саяси кеңестің құрамына шағын және орта бизнес, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, өнеркәсіп, үкіметтік емес сектор, бұқаралық ақпарат құралдары және аймақтың экономикасы мен қоғамдық өмірінің басқа да салаларының өкілдері кірді.

Бақылау-тексеру комиссиясының құрамына экономика, қаржы, заңгерлік, бухгалтерлік есеп және басқа да кәсіби бағыттарда жұмыс тәжірибесі бар мамандар енді.

Басқарушы органдардың жасақталуы «Әділет» партиясының облыстық филиалын құрудың ұйымдастырушылық кезеңін аяқтады. Жақын арада филиал өңір тұрғындарымен жүйелі жұмыс істеуге, партиялық бастамаларды жүзеге асыруға, сарапшылар қауымдастығымен, кәсіпкерлермен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға кіріседі.

Суреттерді түсірген – Василий ВАСИЛЬЕВ

Тракторды үйден басқарады

Тобыл төрінде таныстырылған ЖИ-технологиялар несімен таң қалдырды?

Аслан ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ

Тобыл қаласында өткен «АгроТобыл-2026» көрмесінде жұрттың назары ерекше бір көріністе ауды: болашақ ветеринарлар жиналған қауымның көзінше мысықты УДЗ (ультрадыбыстық зерттеу) аппаратымен тексеріп жатты. Көктемгі егіс науқанын сәтті тәмамдаған Қостанай ауданының шаруалары биыл дәстүрлі Сабантойды нағыз цифрлық шоуға айналдырды.

Тиімділікті арттыру жолы

Биылғы көрмеге Қостанай облысымен қатар, Ақтөбе, Алматы және Көкшетаудан келген өндірушілер қатысты.

Қостанай ауданының әкімі Олжас Нұрғалиев бастаған қонақтар ең алдымен техника паркін аралады. Мұнда көпшілікті «атан жілікті» алып тракторлармен қатар, цифрлы жаңалықтар қызықтырды.

Егістіктің жай-күйін аспаннан бақылайтын ұшқышсыз дрондар, болашақ мамандарды оқытуға арналған VR-тренажерлер, GPS-навигация және егінді қашықтан бақылайтын платформалар – бүгінде диқандардың басты көмекшісіне айналған. Қостанай ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Әбішевтің айтуынша, биыл елде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланғандықтан, бұл технологиялар енді сән емес, тиімділікті арттырудың жалғыз жолы.

«Қазір аграрлық секторда дәлдік егіншілігі, процестерді автоматтандыру мен техниканы қашықтан бақылау жүйелері іске қосылған. Бұл отандық агробизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырады», – деді Қайрат Әбішев жұмыс кеңесінде.

Фермерлерге қандай қолдау бар?

Мемлекет биыл да шаруаларды сергелдеңге қалдырмай, қомақты қаржылай қолдау көрсетіп отыр. Жиында белгілі болғандай, Қостанай ауданына қатысты бірнеше маңызды деректерге тоқталсақ:

• 104,1 млрд теңге – «Кең Дала 2» бағдарламасы бойынша көктемгі егіс жұмыстарына бөлінген жеңілдікті несие.

• 16,1 млрд теңге – «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ форвардтық сатып алу бағдарламасы арқылы берілген қаржы.

• 45,5 млрд теңге – «ҚазАгроФинанс» АҚ арқылы лизингке жаңа техника алуға қаралған қаражат.

Көрме аясында төрт түлікті түлету мәселесі де сөз болды. Қостанай облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Қашаков өңірдегі мал шаруашылығын дамытудың Кешенді жоспарын бөлісті.

Солтүстік аймақтарға бөлінген 40 миллиард теңгенің тең жартысы – 20 миллиард теңгесі тура осы Қостанай облысындағы 21 қатысушының жобаларына бағытталмақ.

Бурабай мен Алатаудың бауырынан, шет елдерден 14,2 мың бас асыл тұқымды мал (оның ішінде 11,2 мың бас ет бағытында, 3 мың бас сүт бағытында) сатып алу жоспарланған. Шаруалар үшін «Игілік», «Береке» және «Жайлау» атты үш бірдей жеңілдікті несие желісі іске қосылған. Мәселен, «Игілік» пен «Береке» бағдарламалары жылдық 6%-бен, 7 жылға дейін несие береді. Ал «Жайлау» бағдарламасы тек мал алуға емес, жайылымдарды суландыру мен ферма тұрғызуға да көмектеседі.

Жас толқыннан үміт көп

Мерекенің ең жанды бөлімі «Алтын дән» мәдениет үйінің фойесінде өтті. Мұнда Қостанай ауыл шаруашылығы колледжінің студенттері өз өнерлері мен шеберліктерін ортаға салды. Олар заманауи құрылғылармен жұмыс істеудің хас шебері екенін дәлелдеді (жоғарыда айтылған УДЗ аппараты осы жастардың қолында болды).

Аудан әкімі Олжас Нұрғалиев жастардың бұл қадамына жоғары баға беріп: «Бүгінгі ауылға жаңа технология тілін білетін, сауатты мамандар ауадай қажет. Біздің колледж дәл осындай сұранысқа ие кадрларды даярлап жатқаны қуантады», – деді.

Іскерлік кездесулер мен технологиялық көрмеден кейін жиын нағыз халықтық мереке – Сабантойға ұласты. «Дуслык» Қостанай татар-башқұрт этномәдени орталығы ұйымдастырған мәдени бағдарламада ұлттық ойындар ойналып, спорттық жарыстар өтті. Қонақтар жергілікті өнімдерден дәм татып, емен-жарқын араласты.

«АгроТобыл-2026» көрмесі бір нәрсені анық аңғартты: қазіргі ауыл шаруашылығы – алдыңғы буынның тәжірибесі мен жаңа заманның цифрлық мүмкіндіктері тоғысқан үлкен серпіліс алаңы.

Суреттерді түсірген – Василий ВАСИЛЬЕВ, Рабиға АТУЛЛИНА
Қостанай ауданы

ТүзеТілді

Есімдікті елемеу – емлеге қиянат

Қазақ тілінің маңызды бір саласы есімдіктер айналасында екінші рет сөз қозғағалы отырмыз. Өйткені нақ осы бағытта ағаттыққа жиі жол берілетінін байқаймыз. Көбіне-көп есімдік түрлерінің грамматикалық тұлғасы дұрыс сақталмайды. Ана тілдің табиғатын бұзатын орашолақ аудармалар да аз емес. «ТүзеТілді» айдарында бірнеше мысалды талқыға тартып көрейік.

Менің өз ойымша. Өздік етісті қажетсіз жерде қолданудан арылуымыз керек. Мысалы: «Менің өз ойымша, биылғы жаз өте ыстық болады». Онысыз да бірінші жақтың формасында тұрған сөйлемге «өз» сөзін қыстырудың аса қажеті жоқ. Тым болмаса, бұл сөйлем «Өз ойымша» деп басталуы керек еді. Қазір бәріміз «бәленшенің өз сөзінше», «түгеншенің өз пікірі бойынша» деп жүрміз. «Асан өзінің әдебиетке құмар екенін айтады» деген сөйлемді мысалға алсақ, мұнда да қателік бар. Кейіпкердің аты аталып тұрған соң «өзінің» есімдігін қосарламау шарт. Дұрысы: «Асан әдебиетке құмар екенін айтады».

Ешкімдер. Бұл – грамматикалық тұрғыдан қате сөз. Себебі «ешкім» – болымсыздық есімдігі. Мағынасы әлдебір адамның жоқ екенін білдіреді. Сондықтан оған көпше түрдің -дар/-дер жалғауы жалғанбайды. Сөйлемдегі мағынаны көпше түрде беру үшін «ешкімдер» деудің орнына келесідей тіркестерді қолданған жөн: «ешкім келмеді; ешбір адам келмеді; ол жақта адам болмады; ешқандай адам болмады» т.б.

Қанша мен неше. «Сіз соңғы жылда қанша фильм көрдіңіз?» Айдарымыздың осыған дейінгі шығарылымдарының бірінде тоқталып өткеніміздей, «қанша?» мен «неше?» сұрау есімдіктерінің қолданылатын орны бар. Әлдененің шамасын білгіміз келсе, «қанша?», ал нақты санын сұрағанда «неше?» дейміз. Сондықтан жоғарыдағы сөйлемді былай жазғанымыз дұрыс: «Сіз кейінгі жылы («соңғы жылда» емес) неше фильм көрдіңіз?».

Бірдеңе үшін уайымдау. Бұл да қате қолданыс. Тіл маманы Назгүл Қожабектің «Калькасыз қазақ тілі» парақшасында мысал ретінде көрсетіліпті. Орыс тіліндегі «переживать за что-то» деген ұғымның сәтсіздеу аудармасы. Белгісіздік есімдігі қатысып тұрған соң дұрыс нұсқасы «бірдеңеге уайымдау» болады. Ал бірақ нақты бір зат немесе адам, жан иесі туралы айтылса, әңгіме басқа. Мысал: «Бауырым, сен үшін қалай уайымдағанымды білсең ғой».

Өзіңді қолда ұста. Сөзбе-сөз аударманың салдарынан туындаған ағаттық. «Держи себя в руках» деген сөйлемді осылай қазақшалап жүргендер баршылық. Сол ағайынның есіне дұрыс нұсқаны сала кетейік: қазақ әлдекімді сабырға шақырғанда «өз-өзіңе ие бол» дейтін. Сосын «өз-өзіне келу» дейтін де бар. «Прийти в себя» деген сөзден шыққан шалағай аударма. Ал мұны «есін жию» дегеніміз жөн.

Естеріңізге сала кетейік, «ТүзеТілді» айдары Қостанай қаласы әкімдігінің Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен жарық көріп келеді.

Жиып-терген –
Жандос ЖҮСІПБЕК

АСТАНА ТӨРІНДЕГІ ӨНЕР ТАРЛАНЫ

Сералы МЫРЗАБАЙ

Елорда – елдің ғана емес, талай таланттың да қанатын қатайтқан қасиетті мекен. Бүгінде Астанада әр салада табысты еңбек етіп, туған жердің мерейін асырып жүрген жерлестеріміз аз емес. Мемлекеттік қызметте, ғылымда, кәсіпкерлікте, мәдениет пен өнерде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған азаматтардың жетістігі – өңір мақтанышы. Әсіресе, өнер мен мәдениет саласында жүрген жерлестеріміздің есімі ел көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен танылып келеді. Сондай талант иелерінің бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, опера өнерінің саңлағы Сүндет Байғожин. Әлемнің талай әйгілі сахнасында өнер көрсеткен жерлесіміз қазір де ұлттық өнердің абыройын асқақтатып, қазақ вокал мектебінің биік деңгейін халықаралық кеңістікте лайықты танытып келеді.

– Астана – менің шығармашылық тағдырыммен біте қайнасқан қала. Бұл шаһарға алғаш рет 2001 жылы, небәрі он алты жасымда келдім. Ол кезде мектепті енді ғана тәмамдап, Қазақ ұлттық музыка академиясының дайындық курсына қабылдандым. Шынын айтсам, кәсіби музыкалық білімім болған жоқ. Сол себепті бәрін әліппеден бастадық. Ұстаздарым қазақ ән өнерінің қыр-сырын, сахна мәдениетін, вокалдық шеберліктің қырларын үйретті. Өнер жолындағы алғашқы қадамдарымның бәрі осы қалада басталды.

Сол кездегі Астана мен бүгінгі елорданы салыстырудың өзі қиын. Ол уақытта Бәйтерек те салынбаған еді. Кейін арада біраз уақыт өткен соң Бәйтеректің ашылу салтанатына әншілер ретінде қатыстым. Бұл – мен үшін үлкен мәртебе әрі ұмытылмас естелік. Осы ширек ғасыр ішінде қаланың қалай өсіп, қалай көркейгенін өз көзіммен көрдім. Бүгінде Астана – сәулеті келіскен ғана емес, мәдениеті мен өнері қатар дамыған, әлем назарын аударған шаһар.

Менің шығармашылық өмірімдегі көптеген маңызды оқиғалар да осы елордамен байланысты. Оқу жылдарынан бастап көптеген мемлекеттік концерттерге қатыстым. Тәуелсіздік күніне арналған үлкен концерттердің бірінде Астана Арена сахнасында отыз мың көрерменнің алдында өнер көрсету бақыты бұйырды. Сол кеште Қазақстанның халық әртісі Төлеген Мұхамеджановтың «Город мой» әнін алғаш рет орындадым. Бұл туынды маған арнайы сеніп тапсырылған еді. Ән алғаш Мәскеуде жазылып, кейін үлкен сахнада орындалды. Сол сәттің әсері әлі күнге дейін есімде. Бұл ән талай тыңдарманның жүрегінен орын тапты. Уақыт өзгереді, кезең өзгереді, бірақ елордаға деген ыстық ықылас пен сағыныш өзгермейді.

Шығармашылық иесі ретінде мені әлемдік опера өнерінің үздік өкілдері шабыттандырады. Артур Ручинский, Амартүвшин Энхбат, Надин Сьерра сияқты әйгілі әншілердің өнерін сүйіп тыңдаймын. Олардан үнемі жаңа ізденіс көремін. Сонымен қатар қазақтың ән өнері, ұлттық музыкасы, халқымыздың бай мұрасы әрдайым шығармашылығыма күш-қуат береді. Өзім жазған авторлық әндер де жүрегіме жақын.

Биыл Астанада тұрып жатқаныма жиырма бес жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде елорданың мәдени өмірінің бір бөлшегіне айналдым десем болады. Қандай маңызды концерт, мемлекеттік деңгейдегі мәдени іс-шара болмасын, қолдан келгенше атсалысып келемін. Жақында Италияда екі жыл білім алып, еуропалық магистр дәрежесін иеленіп, елге ораралдым. Шетелде жинаған тәжірибемді енді туған елімнің игілігіне жұмсағым келеді. Қазір Төлеген Мұхамеджановтың «Өмірге қайран қаламын» атты жаңа әнін сахнаға дайындап жатырмыз. Бұл – терең философиялық ойға құрылған, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті дәріптейтін ерекше шығарма.

Өнер адамы үшін отбасының орны да айрықша. Бос уақытымды қыздарым – Фатима мен Мәдинаға арнауға тырысамын. Балалармен бірге қалада серуендеп, мультфильм көреміз, бассейнге барамыз, ролик тебеміз. Осындай қарапайым сәттердің өзі маған ерекше қуаныш сыйлайды.

Бүгінде мені ең көп қуантатыны – қазақ өнерінің әлемдік деңгейде танылып келе жатқаны. Қай елде, қай сахнада өнер көрсетсем де, қазақтың әнін лайықты деңгейде орындауды өзіме үлкен жауапкершілік санаймын. Өнер – менің өмірімнің мәні. Бар ғұмырымды осы жолға арнадым. Сондықтан өзімді бақытты адаммын деп есептеймін. Ал шығармашылық жолымның ең жарқын белестері әлі алда екеніне сенемін. Елімнің мәдениетін өркендетуге, қазақ өнерінің абыройын асқақтатуға күш-жігерімді жұмсай беремін.

Елорда – мемлекеттің жүрегі

Астана – елдің әкімшілік орталығы ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның өрлеуі мен жаңғыруының жарқын символы. Бүгінде Астана мемлекетіміздің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің өзегіне айналып, әрбір қазақстандықтың мақтанышына айналған шаһар. Бас қаланың мерейлі мерекесі қарсаңында елорданың тарихы мен тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін насихаттайтын тағылымды іс-шаралар өңірлерде де кеңінен ұйымдастырылуда.

Осы орайда 6 шілде – Астана күніне орай Рудный қаласы әкімдігінің «Қалалық тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен «Елорда – мемлекеттің жүрегі» атты интеллектуалды-танымдық сабақ өткізді. Іс-шараның басты мақсаты – елорданың қалыптасу тарихын дәріптеу, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, сондай-ақ қатысушылардың тарихи танымын арттыру болды.

Сабақ бірнеше қызықты кезеңнен тұрды. Қатысушылар викторина, «Полиглот», сәйкестендіру және басқа да танымдық тапсырмалар арқылы өз білімдерін, тапқырлықтарын және жылдам ойлау қабілеттерін сынады. Елорданың тарихы, көрікті ғимараттары, мемлекеттік рәміздер мен ел дамуына қатысты сұрақтарға жауап бере отырып, өзара білім сайысына түсті.

Әр кезең тартысты өтіп, қатысушылар жоғары белсенділік танытты. Тапсырмалар ұйымшылдықпен орындалып, пікір алмасу мен еркін сұхбат сабақтың мазмұнын байыта түсті. Көтеріңкі көңіл-күйде өткен іс-шара мемлекеттік қызметкерлердің білімін толықтырып қана қоймай, ел тарихына, мемлекеттік тілге және ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыра түсті. Осындай мазмұнды кездесулер елорданың ел өміріндегі айрықша орнын кеңінен насихаттап, отансүйгіштік рухты нығайтуға қызмет етеді.

С.РОМАНҰЛЫ
Рудный қаласы

Сералы МЫРЗАБАЙ

Қоғамдық көлікке салынған инвестиция – қала экономикасына салынған инвестиция. Рудныйда жолаушылар тасымалы саласын жаңғыртуға бағытталған кезекті жоба жүзеге аса бастады. Мемлекеттік қолдау тетіктері мен тасымалдаушы кәсіпорындардың жауапкершілігінің арқасында қалаға алғашқы 13 жаңа автобус жеткізілді. Жыл соңына дейін олардың саны 37-ге жетіп, қоғамдық көлік паркінің жартысына жуығы толық жаңарады. Бұл тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттырумен қатар, тасымалдаушы кәсіпорындардың шығынын азайтып, саланың экономикалық тұрақтылығын нығайтуға да ықпал етеді.

Сапарыңыз жайлы болсын

Таныстырылым барысында қала тұрғындарына Yutong маркалы жаңа автобустар көрсетілді. Заманауи талаптарға сай жабдықталған көліктер жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге арналған. Жаңа автобустарды қаладағы екі ірі тасымалдаушы кәсіпорын сатып алды. Атап айтқанда, «Транс Экспресс Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі автобус паркін 6 жаңа көлікпен толықтырса, «Рудный Автотранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 7 автобус алды.

Жаңа автобустардың пайдалануға берілуі жолаушылар үшін жайлылықты арттырып қана қоймай, тасымалдаушы кәсіпорындардың жұмыс тиімділігін де көтермек. Техниканың ерекшеліктері мен алдағы жоспарлары туралы «Транс Экспресс Сервис» ЖШС директоры Жандос Нұржанов айтып берді.

«Бүгінгі күнге дейін кәсіпорынның автобус паркінде 24 автобус бар, ал күн сайын қалаішілік бағыттарға 19 автобус шығады. Соның 12-сі биыл жаңартылып отыр. Қазір бізге алты жаңа автобус жеткізілді. Тамыз айында тағы алты автобус келеді деп жоспарлап отырмыз. Осылайша жыл соңына дейін кәсіпорынның 12 автобусы толық жаңарады. Қалған автобустар да кезең-кезеңімен ауыстырылады. Біздің кәсіпорын тек Рудный қаласының қоғамдық көлік бағыттарына қызмет көрсетеді. Жаңа автобустар заманауи талаптарға толық сәйкес келеді. Олар Euro экологиялық стандартына сай жабдықталған. Салонда кондиционер, қыс мезгіліне арналған жылыту жүйесі орнатылған. Автобустардың ішін 360 градусқа түсіретін бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Сонымен қатар аялдамаларды автоматты түрде хабарлайтын дыбыстық жүйе қарастырылған. Мұның бәрі жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған», – дейді Жандос Нұржанов.

Жаңа техниканың тағы бір артықшылығы – алғашқы екі жыл бойы кепілдік қызметінде болады. Осы кезеңде автобустарға техникалық қызмет көрсетуді өндіруші компания өз мойнына алады. Барлық сервистік жұмыстар кепілдік аясында жүргізіледі. Бұл кәсіпорынның жөндеу шығындарын едәуір азайтады.

«Біз жүргізушілердің қызмет көрсету мәдениетіне де ерекше көңіл бөлміз. Қазіргі таңда барлық жүргізуші бірыңғай киім үлгісіне көшкен. Олар ақ жейде мен қара түсті шалбар киеді. Бұл талап жаңа автобустарға ғана емес, бұрыннан қызмет көрсетіп келе жатқан көліктерде де сақталып келеді. Автобустарды күнделікті жуып, тазалап, уақытылы техникалық қызмет көрсетеміз. Соның нәтижесінде тұрғындар тарапынан айтарлықтай шағым түскен жоқ», – дейді ол.

Рудный қаласының әкімі Виктор Ионенко сайлауалды бағдарламасында қалаішілік қоғамдық көліктерді жаңғырту жұмысын қолға алатынын қадап көрсеткенін жеткізді.

«Үш жыл бойы ұмтылған мақсатымызға қол жеткізіп отырмыз. Қала әкімі қызметіне сайлау кезінде тұрғындар қоғамдық көлік паркін жаңартуды басты міндеттердің бірі ретінде жүктеген болатын. Сол кезде біз үш жыл ішінде автобус паркін кезең-кезеңімен жаңартамыз деп уәде берген едік. Бүгін сол уәденің нақты нәтижесін көріп отырмыз. Бұл оңайлықпен келген жоқ. Осы уақыт ішінде көптеген ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді, құжаттар әзірленді, қаржыландыру мәселелері шешілді. Заңнамадағы өзгерістерге байланысты кейбір рәсімдерді қайта қарауға тура келді. Түрлі қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, көздеген мақсатымызға жеттік. Ең алдымен, осы іске атсалысқан қаламыздағы жолаушылар тасымалымен айналысатын кәсіпорындарға алғысымды білдіремін. Барлық қиындықтарға қарамастан олар үлкен жауапкершілікті өз мойнына алып, жаңа автобустарды лизинг арқылы сатып алуға бел буды. Өткен жылы қалаішілік маршруттарға әлеуметтік маңызы бар бағыт мәртебесі берілді. Соның нәтижесінде мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдаланып, автобус паркін жаңартуға мүмкіндік туды. Міне, алғашқы кезеңде қалаға 13 жаңа автобус жеткізілді. Тамыз айының соңына дейін тағы 24 автобус кезең-кезеңімен келеді. Осылайша, 1 қыркүйекке дейін тұрғындарға уәде еткен 37 жаңа автобус толық пайдалануға беріледі», – деді Рудный қаласының әкімі Виктор Ионенко.

Қала басшысы жұмыстың жүзеге асуына үлес қосқан тасымалдаушы компаниялардың ұжымдарына, бухгалтерлеріне, экономистеріне, техникалық мамандарына, сондай-ақ барлық серіктестерімізге шынайы ризашылығын білдірді. Автобус шығаратын зауыттың өкілдеріне, Өнеркәсіпті дамыту қорына және барлық ұйымдастыру жұмыстарына қолдау көрсеткен әріптестеріне алғысын жеткізді.

«Бүгінде қала көшелеріне күн сайын 74-76 автобус шығады. Соның 37-сінің жаңаруы – қоғамдық көлік паркінің жартысына жуығы толық жаңарды деген сөз. Дегенмен біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Биылғы кезең аяқталған соң, келесі жаңарту жұмыстарын қолға алуды жоспарлап отырмыз. Біздің мақсат – қоғамдық көлік паркін толық жаңарту. Әрине, заманауи автобустардың құны жоғары. Сондықтан бұл жұмыс кәсіпорындардың экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Соған қарамастан тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қоғамдық көлікпен жүруіне барлық жағдай жасау – біздің басты міндетіміз. Жаңа автобустар қаламыздың көркін арттырып қана қоймай, тұрғындардың күнделікті қатынауын әлдеқайда қолайлы етеді деп сенемін», – деді қала әкімі.

Екінші тасымалдаушы «Рудный Автотранс» ЖШС өңірлік директоры Болат Жамашов автобустардың қай бағыттарға шығатыны және олардың артықшылықтары туралы айтып берді. Бұл мердігер ұйым жеті қоғамдық көлік алып отыр.

«Кәсіпорнымыз Рудный қаласындағы №10 бағытқа қызмет көрсетеді. Бұл бағытқа күн сайын 12 автобус шығады. Облыс әкімдігі мен Рудный қаласы әкімдігінің қолдауының арқасында моноқалаларды қолдау бағдарламасы бойынша Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы жылдық 0,1 пайыздық мөлшерлемемен автобустарды жеті жыл мерзімге лизингке алдық. Оның барлығы №10 бағытта жолаушыларға қызмет көрсетеді. Yutong маркалы автобустарды таңдадық. Бұл – Қазақстанда құрастырылатын техника. Автобустардың тораптық құрастырылуы Қарағанды облысының Саран қаласындағы зауытта жүзеге асырылады. Бүгінде Yutong автобустары еліміздегі ең үздік қоғамдық көліктердің бірі саналады. Біз басқа қалалардың тәжірибесін зерттеп, осы марканы таңдадық», – дейді ол.

Қаланың көше инфрақұрылымын ескере отырып, ең оңтайлы үлгіні таңдаған. Қазіргі таңда субсидиялау мәселесі кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Бұған дейін белгілі бір қиындықтар болғанымен, қала әкімдігінің қолдауының арқасында олар реттеліп жатқанын жеткізді.

«Жаңа автобустардың іске қосылуына байланысты №10 маршрутпен жасалған келісімшарттың мерзімі тағы 10 жылға ұзартылып, тарифтік саясат қайта қаралады. Сондықтан алдағы уақытта субсидиялау мәселесі толық шешімін табады деп сенеміз. Осы аптада Өнеркәсіпті дамыту қорымен және автобус өндіруші зауытпен қабылдау-тапсыру рәсімдерін толық аяқтаймыз. Одан кейін автобустар мемлекеттік тіркеуден өтіп, мемлекеттік нөмірлерін алған соң бірден қала көшелеріне шығады. №10 бағыттағы автобус паркі толық жаңарғаннан кейін бұрын пайдаланылған автобустар маусымдық №17 және №18 саяжай бағыттарына беріледі. Бұл жаз мезгілінде саяжай тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсартуға мүмкіндік береді. Жаңа автобустар қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді. Тіпті жүргізушінің іс-әрекетін бақылау үшін газ және тежегіш педальдары да камера бақылауында болады. Бұл жол-көлік оқиғасы болған жағдайда барлық жағдайды жан-жақты саралауға жол ашады. Жүргізушілерге арнайы қайта даярлау курстары қажет емес. Олардың барлығы – тәжірибелі мамандар. Керісінше, жаңа автобустарды басқару бұрынғы көліктерге қарағанда әлдеқайда жеңіл әрі ыңғайлы», – деді Болат Жамашов.

Сондай-ақ қоғамдық көлікте жолақы төлеу жүйесін жетілдіру мәселесі де назардан тыс қалмайды. Қала басшылығы қоғамдық көлікке алдыңғы есіктен кіргенде бірден төлем жасап, артқы есіктен шығып кету үлгісін қолдайтынын жеткізді. Бұл әдіс жолаушыларға қолайлы екенін әрі автобустардың аялдамаларда ұзақ бөгелмеуіне оң ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар жол жүру ақысына өзгеріс енгізу мәселесі қаралап жатқан жоқ. Кеншілер қаласында жол ақысы егер картамен төлесе – 100 теңге, қолма қол – 150 теңге. Ал зейнеткерлерге картамен – 90 теңге, қолма қол – 100 теңге. Балалар болса картамен 50 теңгеге, ал қолма қол 75 теңгеге қатынайды.

Суреттерді түсірген – Василий ВАСИЛЬЕВ
Рудный қаласы

Жасыл желек жанашырлары

Кәдімгі қарағай көшеттерін өсіретін тәлімбақ

Тобыл-Торғай өңіріндегі орман шаруашылығы бүгінде заманауи цифрлық технологиялар мен өткен ғасырдан қалған техникалық базаның ортасында жұмыс істеп отыр. Атап айтқанда, 48 мың гектардан астам алқапты алып жатқан Арақарағай орманын тілсіз жаудан қорғауда автоматты метеожүйелер қолданылғанымен, негізгі күш әлі де 42 жылдық тарихы бар ескі көліктер мен орманшылардың қажырлы еңбегіне түсуде. Ресми статистика бойынша жылына 50-ге дейін өрт оқиғасы тіркелетін аймақтағы қауіпсіздіктің нақты ахуалы, кадр әлеуеті және саланы заман талабына сай реформалау мәселесі баяндалады.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Демалушылар жауапты болса...

Алғашында бұл жердің атауы Горелый Кордон аталды. Алайда, уақыт өте келе жергілікті жұрт қарағайлы орманды қорғауды үйренді. Айналасын қолмен қазып, ор жасады, күзет қойып, әрбір қарағайды көздің қарашығындай сақтады. Өрттің зардабы мен естеліктері сейілгенде, ауылдың ескі аты да ұмытылып, Красный Кордонға ауысты.

Бүгінде Арақарағай орман шаруашылығының жалпы аумағы 48 520 гектарды құрайды. Мекеме құрамына үш бірдей алқап кіреді. Олар – Красный Кордон, Обаған және Владимиров.

Арақарағай орман шаруашылығына қарасты Красный Кордон ауылының өзіндік жазылмаған заңдылықтары бар. Мұндағы жұрт таңертең тұра сала ауа райын білу үшін телефонға емес, ауылда орнатылған американдық заманауи метеостанцияның мониторына көз тігеді. Орманда 25 жыл бойы тапжылмай еңбек етіп келе жатқан Арақарағай орман шаруашылығы мекемесінің Красный Кардон орман өрт сөндіру станциясының бастығы Андрей Жиляев үшін әрбір күннің райы – үлкен сын.

Станция басшысының айтуынша, осы мезгіл орманшылар үшін ең жауапты әрі қиын кезең.

«Аптап ыстық пен аңызақ құрғақ жел басталғанда, өрт қауіптілігі артады. Соңғы жылдары паркімізге қытайлық 6 тонналық алпауыт заманауи техникалар келді. Бірақ біздің басты сеніміміз әлі де кеңестік ГАЗ-66 жүкі көлігінде. Бұл көліктердің шыққанына 42 жыл болса да, бәрі сап түзеп, мүлтіксіз жұмыс істеп тұр. Қалың жынысқа, ну орманның ішіне кіріп, өрт ошағын табуда бұдан асқан өтімді әрі тиімді техника әлі шыққан жоқ», – дейді Андрей Жиляев.

Орманшылар бұл көліктерді жай ғана ұстап отырған жоқ, оларға өз қолдарымен көбік түзеткіш арнайы жүйелер орнатып, заманға сай бейімдеп алған. Тіпті, төбесі мен бүйірлеріне үлкен нөмірлер салған. Бұл қалың түтін арасында жүргенде жоғарыдағы тікұшақтардың көлікті анық көріп, бағыт сілтеуі үшін жасалған амал.

Алайда, техника қанша жерден сақадай сай болғанымен, адамдардың жауапсыздығы орманшылардың жұмысын екі есе қиындатып отыр. Мамандарды мазалайтын ең үлкен мәселенің бірі – демалушылардың мәдениетсіздігі.

«Табиғат аясына шығып, сөндірілмеген шоқты немесе отты жағулы күйі қалдырып кететіндер көп. Тіпті, орман ішіне кіріп алып, кальян шегетіндер де бар. Бұл бір жағынан күлкілі көрінгенімен, екінші жағынан орман үшін өте қауіпті», - дейді станция бастығы ренішін жасырмай.

Осылайша, Арақарағайдың жасыл желегі бір шетінен мәдениетсіз демалушылармен, екінші шетінен аптап ыстықпен бетпе-бет келгенде, ортада 42 жылдық тарихы бар көліктер мен өз ісіне адал орманшылар ғана қорған болып тұр.

Елімізге танымал тәлімбақ

Мемлекет басшысының елімізде ағаш отырғызу туралы тапсырмасы аясында Арақарағай орман шаруашылығында үлкен жұмыстар атқарылуда. Мұнда қарағай өскіндерін дайындайтын, маңызы зор екі үлкен тәлімбақ бар. Олардың жалпы көлемі 4,6 гектарды құраса, соның ішінде тікелей жерсіну ауданы – 3,9 гектар. Сыртынан қарағанда қарапайым ғана көрінетін бұл цех – шын мәнінде алып орманның қайта түлеп, дүниеге келетін бас нүктесі. Мұнда жиналған қарағай бүршіктері арнайы өңдеуден өтіп, кептіріледі.

Деректерге сүйенсек, сонымен қатар соңғы екі жылда мұнда 2 миллион 649 мың біржылдық және 2 миллион 98 мың екіжылдық ағаш көшеттері өсірілген.

Станция бастығы Андрей Жиляев қарағайдың қалай бүршік жаратынын айтып берді.

«Жоғары температурада алып барабандар айналған кезде бүршіктер ашылып, ішінен алтынға бергісіз тұқым төгіледі. Содан кейін оны тәлімбаққа себеміз. Екі жыл бойы әйелдер қауымы сол жерде бел жазбай еңбек етеді. Шөбін жұлып, суарып, тыңайтқыш беріп, тыңғылықты күтім жасайды. Жас балаша мәпелеп, баптап-күткеннен кейін ғана дайын көшеттерді ашық орман алқабына отырғызуға рұқсат беріледі», – деп түсіндірді ол.

Екі жыл бойы бапталып, бой көтерген өскіндер ерте көктемде жерден қазып алынып, үлкен алқаптарға жөнелтіледі. Мәселен, биылдың өзінде осы тәлімбақтарда өсіп шыққан қарағай көшеттері орман алқаптарына және еліміздің бас қаласы – Астана көшелеріне апарып егілді. Алты гектарға жуық аумақтағы осынау нәзік өскіндерді ерте көктемнен күздің ортасына дейін небары 8 адам аялап күтіп баптайды.

Ал өндірістік цехта жігіттердің жұмысы таң азаннан қара кешке дейін толастамайды. Олар демалатын шағын бөлмеде тек шәйнек пен теледидар ғана бар. Бұдан артық сән-салтанатқа уақыт та жоқ. Себебі, жасыл өлкенің болашағын жасап жатқан орманшының әрбір минуты алтынмен тең, санаулы.

Нөсер жауыннан кейінгі қауіп

Осы салада ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман Андрей Жиляев

Орманшылар үшін ең мазасыз әрі қиын кезең – жаз айлары. Аптап ыстық пен аңызақ құрғақ жел басталғанда, мұндағы өрт қаупінің класы ең жоғары бесінші деңгейге дейін көтеріледі. Алайда, мамандардың айтуынша, орман иелері үшін адам факторынан да өткен қорқынышты дүние бар. Ол – табиғаттың тылсым күші, яғни жойқын найзағай.

«Осыдан үш жыл бұрын 6 маусымда аймақта сұрапыл найзағай ойнады. Небары 25 шақырымдық шағын аумақта бір мезетте оннан астам жерден өрт «бұрқ» ете қалды. Жаңбыр жауып тұр ғой деп бейқам отыруға мүлдем болмайды. Найзағай өте қауіпті. Тіпті нөсер құйып өткеннен кейін де, арада екі күн өткенде орманның өртенуі әбден мүмкін. Найзағай жарқылы алып ағаштың діңіне түседі де, тамыр арқылы жер астына сіңіп кетеді. Сөйтеді де, бірнеше күн бойы іштей түтіндеп, мүлдем басқа жерден лап етіп шығады», - дейді орман шаруашылығының маманы.

Мұндай қызыл жалын басталған сындарлы сәтте Красный Кордон

Өртке қарсы арнайы техникалар сақадай-сай

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің берген ақпаратына сүйенсек, мемлекеттік орман қорының жалпы алаңы – 31 375,5 мың гектар, бұл республика аумағының 11,5 %-ын алып жатыр. Орманмен жабылған жерлердің көлемі – 13 898,7 мың гектар болса, орман қорының жалпы алаңы – 44,3 %. Республика бойынша орман деңгейі – 5,1 %. Ұлан-ғайыр қазақ даласы үшін бұл көрсеткіш аз екені рас. Сондықтан Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында 2 миллиард ағаш отырғызу жөнінде тапсырма берген еді, алайда 5 жылдық жоспар толық орындалмауына байланысты 2027 жылға дейін қайта ұзарды. Былтыр елімізде 2 миллион ағаш егілсе, кейінгі 3 жылда 1 миллиард 150 мың ағаш отырғызылған.

ауылындағы диспетчерлік пункттің жұмысы кәдімгі әскери штабқа айналады. Мұндағы кезекші диспетчер Дина Васильеваның алдындағы мониторға әрбір 2 секунд сайын орманның тыныс-тіршілігі туралы жаңа ақпарат тоқтаусыз түсіп тұрады.

Бұл жүйенің мүлтіксіз жұмыс істеуіне ауыл маңындағы 4 бірдей биік бақылау мұнарасы мен онлайн режимде үздіксіз айналып тұратын заманауи бейнекамералар көмектеседі. Қалың түтін мен ағаш арасындағы жалынды мұнара байқамай қалған күннің өзінде, орман ішінде патрульде жүрген арнайы машиналар диспетчердің бұйрығын күтпестен, бірден өртті ауыздықтауға кіріседі.

Ресми статистикаға сүйенсек, Қостанайдың бұл аймағында жылына орта есеппен 25-тен 50-ге дейін өрт оқиғасы тіркеледі екен. Алайда орманшылардың осы заматта жасаған шұғыл әрі жедел әрекетінің арқасында, бұл ошақтардың үлкен аймақтық апатқа айналуына жол берілмей келеді. Тілсіз жаумен күрес мұнда секундтармен өлшенеді.

Арақарағай орманына не жетпейді?

Арақарағай орман шаруашылығындағы өрт сөндіру станциясының бастығы Андрей Жиляевтың ең үлкен мақтанышы – оның ұжымы. Мұнда бүгінде 27 маман еңбек етеді. Олардың әрқайсысы орманды өз үйіндей көретін жанашыр жандар. Андрей 2007 жылы бүкіл Қостанай облысын шарпыған жойқын өртті ерекше тебіреніспен еске алады. Ол кезде тілсіз жау төрт күн бойы тоқтамай, айналаны күлге айналдырған еді.

Сол бір сын сағатта ауылда тек қарттар мен сәбилер ғана қалды. Қиындықтар мен техника тапшылығына қарамастан, Арақарағай орманын аман сақтап қалған жергілікті халықтың отансүйгіштігі еді. Қолына күрек ұстай алатын студенттер де, ауыл тұрғындары да түгел орманға аттанды. Ал әйелдер қауымы үйіндегі бар азығын тасып, түн мен күнді айырмай, өрт сөндірушілерге ыстық тамақ пісірді.

Бүгінде еліміздің көптеген аймақтарында орманшы мамандығына қызығушылық төмен болса, бұл мекемеде кадр тапшылығы мүлдем жоқ. Себебі мұнда ұрпақтар сабақтастығы жақсы жолға қойылған. Жергілікті мектепті бітірген жастар арнайы колледждер мен институттарға түсіп, өз ауылдарына орманшы, техник, инженер болып мақтанышпен қайта оралуда.

Дегенмен, орманды тек қол күшімен және жалаң патриотизммен ғана қорғау заман талабына сай келмейді. Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин бұл салаға халықаралық тәжірибе мен озық ғылымды енгізу қажеттігін дабыл қағып айтып жүр.

«Орман өрттерін болғызбау және оған қарсы күрестің заманауи әрі тиімді шаралары қолданылатын Түркия, Оңтүстік Корея, Канада және Балтық елдерімен ынтымақтастық орнатып, олардың тәжірибесін зерделеуіміз керек. Сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасы аясында орман саласы мамандықтары бойынша жастарымызды шетелге оқуға жіберу қажет. Өкінішке қарай, біздегі ақпаратқа сәйкес, осы уақытқа дейін «Болашақ» бағдарламасымен бірде-бір орман шаруашылығы маманы даярланбаған», - деп мәселе көтерген еді депутат.

Қостанайдың жасыл бесігі – Арақарағай орманы заманауи цифрлық жүйелермен және автоматты өрт анықтау технологияларымен толық жабдықталмайынша, оның тағдыры тек осындай жүректі, жанашыр азаматтардың қажырлы еңбегі мен тәуекеліне ғана тәуелді болып қалмақ. Жасыл желекті аман сақтау үшін тек адам ресурсы емес, мемлекеттік деңгейдегі үлкен реформалар қажет.

Алтынсарин ауданы
Суреттерді түсірген – Василий Васильев


Кезекші диспетчер – Дина Васильева

Жігіттердің жұмысы таңнан кешке дейін толастамайды

Тілсіз жаумен күрес мұнда секундтармен өлшенеді

Қоқыс полигоны салынады

Қамысты ауданында ауқымды экологиялық және инфрақұрылымдық модернизация басталды. Өңірде толықтай жеке инвестиция есебінен жаңа қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны мен көңқоймасы салынады. Сондай-ақ аудан тұрғындары үшін «Қамысты» логотипі бар арнайы қоқыс контейнерлері қолданысқа енгізілмек. Бұл туралы Қамысты ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев хабарлады.

Экологиялық бағыттағы ең маңызды жобаны жүзеге асыру үшін аудан әкімдігі ақтөбелік «Тазалық-2015» жеке кәсіпкерлігімен меморандумға отырған. Құны 50 миллион теңгеге бағаланған жобаның жалпы аумағы 10 гектарды құрайды. Қазіргі уақытта жер телімі анықталып, жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Тарифтер бекітілгеннен кейін инвестор тұрғындармен орталықтандырылған қоқыс шығару бойынша келісімшарттар жасай бастайды.

«Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін инвестор «Қамысты» логотипі бар арнайы қоқыс контейнерлерін саудаға шығарады, оның құны – 7 мың теңге. Сонымен қатар әлеуметтік міндеттемелер аясында компания аудандағы мұқтаж және әлеуметтік осал санаттағы 30 отбасыға бұл контейнерлерді тегін орнатып береді», - деді аудан әкімі.

Ерлан Жаулыбаев өңірдегі «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының орындалу барысына да тоқталды. Сәуір айында облыс әкімі аппараты жүргізген мониторинг нәтижесінде ауданда абаттандыру талаптарын бұзу бойынша 607 кемшілік фотоға тіркелген болатын. Бүгінгі таңда оның 284-і толықтай жойылды. Әсіресе, аудан орталығы жоғары көрсеткіш көрсетіп отыр. Қамысты ауылында анықталған 141 бұзушылықтың 127-сі ретке келтірілген. Басшылық бұған әр көше мен қоғамдық аумақты мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға бекітіп, дербес жауапкершілікті енгізу арқылы қол жеткізгенін айтады.

Жыл басынан бері ауданда 53 сенбілік және «Тазару күні», «Мөлдір бұлақ» сынды 8 ірі экологиялық акция ұйымдастырылды. Тұрғындарға 2,9 мыңнан астам ескерту-хабарлама таратылды. Сонымен қатар Telegram-дағы «Таза Қазақстан» чат-боты мен WhatsApp-тағы «Местное сообщество» тобы арқылы келіп түскен 85 өтініштің барлығы 100 пайызға орындалды. Ереже бұзғандарға 228 ескерту беріліп, жалпы сомасы 3,6 миллион теңгеден асатын 168 әкімшілік айыппұл салынды. Сондай-ақ, маусым айынан бастап бұл жұмыстарға «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының 25 сарбазы қосылды. Шілде және тамыз айларында тағы 50 сарбаз жұмылдырылмақ. Жастар бағдарламасына жергілікті бюджеттен 8 миллион теңге бөлінген.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Биыл ауданда ауқымды инфрақұрылымдық жұмыстар мен абаттандыру шаралары жоспарланған. Соның ішінде 27 парк пен сквер жөндеуден өтеді, 100 көше шамы орнатылып, 4,5 шақырым көше жарықтандырылады, 20 тозығы жеткен және қараусыз қалған ғимарат бұзылады (9 нысан сүрілді), Талдыкөл, Дружба және Қамысты ауылдарында жеке инвестиция есебінен 3 балалар алаңы салынады.

Ауданды көгалдандыруға биыл 26 миллион теңге (15 млн теңге бюджет, 11 млн теңге демеушілер) бағытталды. Қамыстыда 20 мың гүл, қалған 8 ауылда 7,5 мың гүл мен 1 500 көшет егілді. Аудан басшысы қазіргі басымдық көшет санына емес, оларды суару және күтіп-баптау жұмыстарына беріліп отырғанын атап өтті.

Аудан орталығында құны 816 миллион теңге болатын «Қамысты Арена» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар, орталық алаңды реконструкциялау аясында «Тәуелсіздік» монументі бой көтеріп, Құдайқұлов көшесінде екі проекциялық жаяу жүргіншілер өткелі іске қосылды.

Ең бастысы, ауданда тұңғыш рет инженерлік инфрақұрылымы толық тартылған жаңа тұрғын үй шағын ауданының құрылысы басталды. Биыл 49 пәтердің құрылысы мен реконструкциясына 928 миллион теңге қаралған. Демеушілер есебінен әлеуметтік осал топтағы азаматтардың 150 үйінің қоршауын сырлау да жоспарда бар.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ
Қамысты ауданы
Суреттер аудан әкімдігінен алынды

Жандос ЖҮСІПБЕК

ТАРЛАНБОЗ ТҰЛҒА ТҰҒЫРЫ

Туған топырақтағы думан! Қостанайда көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығы, «Парасат» ордені иегері Серік Тұрғынбекұлының 80 жылдығына арналған шығармашылық кеш өтті. Тобыл-Торғайға тағзым ете келген заңғар тұлға темір тұлпар тақымдап, марапатқа кенелді, шарапатқа бөленді. Мұны ақынға ғана емес, қазақтың құдіретті поэзиясына көрсетілген құрмет деп түсінген абзал!

«Тіршіліктің тамыры тынбай соғып
Тұру үшін
Өмірге Өлең керек!». Бұл – Тәңір таңдайына өлеңнен бал тұндырған, шабыт-қанаты шың-шығанға талпындырған қастерлі қаламгердің қуатты туындысынан бір үзік. Ол поэзияны өмірлік қағидасы етіп ұстанып, дара дарынымен дүйім елге даңқы жайылды. Кешегі ақпа де басталып, туған жерінде жалғасын тапқанына барша ел куә. Серік ағаның бірер күн бұрын ғана кіндік қаны тамған киелі өлке – қарт Торғай төсінде, Арқалық қаласында дүбірлі думаны өткен еді. Енді, міне, түйінді жиын Қостанай қаласында өтіп, ақын атын ардақ тұтқан ағайын ерекше құрмет-қошеметіне бөледі. Өнерсүйер жұрт өңірдің әр түпкірінен жиналып, облыстың рухани тарихына таңбаланатын тамаша кешке көзайым болды.

Өңір басшысы Құмар Ақсақалов мерейтой иесіне ақ тілегін арнады

Тарлан шайырдың шығармашылық кеші Жастар сарайында салтанат құрды. Осының өзі-ақ мерейтой иесіне деген қастер-құрметтің қаншалық екенін дәлелдеп тұрғандай... Көрікті кештің кіріспе сөзін облыс әкімі Құмар Ақсақалов алып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт жырлы Нұрханның, адуынды Ғафу мен Сырбайлардың ізін жалғап, Торғай сөз өнерін биікке шығарды. Аядай Ақшығанақтың ақсамал ақыны бүгінде тұтас Алаш жұртының ардағы мен айбарына айналып отыр. Сексеннің сеңгірін бағындырған Серік ақынды дүйім қазақтың алақанға салып алқағаны соның айқын айғағы!

Мазмұнды мерейтой елорда төрінде. Қарасы қалың көпшілік әуелі көркем көрмені аралап, қаламгердің бай әдеби мұрасымен танысты. «Жерорта», «Көкейкесті», «Торғай толғауы», «Жүрегімнің сәулесі» сияқты көптеген жыр жинағы, аудармалары, пьесалары, ғұмырдерегі – жалпы, ақынның шығармашылық галереясына осы жерде көз қанығады. Ал кеш басталар сәт таяй түскенде көрермен залында ине шаншар орын қалмады. Осының өзі-ақ мерейтой иесіне деген қастер-құрметтің қаншалық екенін дәлелдеп тұрғандай... Көрікті кештің кіріспе сөзін облыс әкімі Құмар Ақсақалов алып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын оқып берді.

«Сіз көрнекті қаламгер ретінде шоқтығы биік шығармалар мен тағылымы мол туындылар жазып, қазақ әдебиетін дамытуға зор үлес қостыңыз. Драматургия мен аударма жанрында өзіндік қолтаңбаңызды қалдырып, ұлт руханиятына қалтқысыз қызмет еттіңіз. 80 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге көп жылғы қажырлы еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін!» – делінген құттықтауда.

Өңір басшысы ағайын-жұрт алдында аманатты орындап, Серік ағаға Президенттің Алғыс хатын және «Алтын барыс» төсбелгісін табыстады. Өзі де ыстық ықыласын білдіріп, ақжарма тілегін жеткізді. Ол ақынды құрметтеу арқылы туған тіліміз бен мәдениетімізді құрметтейміз дей келіп, мерейтой иесіне ізгі, ілтипатты лебіз сөзін арнады.

«Қадірлі Серік аға! Сіз өрнекті жырыңызбен ұлттық әдебиеттің көкжиегін кеңейттіңіз. Елге, жерге, ұлт тарихы мен ұлы тұлғаларға арнаған әрбір тағылымды туындыңыз халқымыздың рухани қазы-

Кештің құрметті мейманы – атақты әнші Айгүл Қосанова

Ақын сөзіне жазылған әндер көрермен ықыласына бөленді

Қаламгерге Президент Алғыс хаты, «Алтын барыс» төсбелгісі және автокөлік табыс етілді

СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫНА

Түсіңе жиі енетін көз ілгенде,
Құстай ұшып жеттің бе қоңыр белге?
Тұма жырдың тұлпары жер тарпиды,
Жүйіткіп ала жөнелер тебінгенде.

Нұрға малып Торғайдың төсін бүгін,
Көк жүзіне керенау көсілді күн.
Кеттік, аға, шомылып Айнакөлге,
Жалаң аяқ кешейік Тосын құмын.

«Қазасалған», «Қарғалы», «Түйемойнақ»,
Көз ұшында көлбейді күрең аймақ.
Ақын қайным келді деп күбі пісіп,
Жеңгелер жоқ жүретін бие байлап.

Жұпар иісі аңқыған жүрегіңе,
Таңғы шықтай тәтті мұң түнеді ме?
Айып етпе, ағатай, аз ғана сәт
Аялдайық «Ақындар түбегіне».

Мол мағына сыйдырып аз ғұмырға,
Мөлдір мұңы мөлт еткен мәңгі жырда.
Әубәкірді жарысып жатқа оқиық,
Кеңшілік дос келмейді енді мұнда.

Жауабы жоқ мазалап бәзбір сұрақ,
Құлазысаң қалада жалғызсырап.
Жусанының жұпары жаныңды емдеп,
Дауа болсын
Дертіңе – аз күн сынақ.

Құйттай мүйіс
құнттаған талғамыңды –
Ақшығанақ аялап арманыңды.
Таң қалмаймын серілік құрып кетсең,
Мұражайға өткізіп балдағыңды.

Сол құрғырды қайтесің, қалдыр, аға,
Сексен деген не тәйір?
Қалжырама.
Торғайыңа содан соң бір келіп қайт,
Тоқсаныңды бөктеріп қанжығаңа!

Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ,
ақын, ҚЖО мүшесі

Жампоз ақынның жалынды жырларын театр актерлері үздіксіз оқыды

насына айналды. Сіздің өлеңдеріңіз талай әнге арқау болды. 1 наурыз күні туған күніңізбен арнайы құттықтап, елге аман-есен келіп, жерлестерімізбен қуанышыңызды бөлісіңіз деп арнайы құттықтауымды айтып едім. Енді міне, Астана қаласынан бастау алған мерейтойыңыз туған аймағымызда жалғасып жатыр. Аға, сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін! Қаламыңыз мұқалмасын, шығармашылық табысыңыз еселене берсін», – деп жүрекжарды тілегін жолдады облыс әкімі.

Осыдан соң Құмар Іргебайұлы аяулы ақынға Тобыл-Торғай азаматтарының атынан тосын сый жасады. «KIA Serato» маркалы автокөлік тарту етіп, қазақы дәстүрмен шапан жабу рәсімін жүргізді. «Әкімі ақынын құрметтеген өңір» дейтұғын ел ішін аралап жүрген разылық сөз бекерліктен айтылмағаны кезекті мәрте айқындала түскендей. Нөпір халық орындарынан тік тұрысып, шын қуана шапалақ ұрысты. Мерейтой иесіне ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың және вице-премьер – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның да құттықтау хаттары табысталды.

Асалы ақсалдар сахнаға шығып, ақжарма тілектерін жаудырды. Ақынның өрнекті өмір жолы, шығармашылық мұрасы, атақ-марапаты атап-түстеліп, кең ауқымда мәлімет беріліп отырды. Баладай аңғал болмысын, даладай дархан мінезін, азаматтық, адамгершілік келбетін аша түсетін әңгіме-естеліктер де шертілді.

«Айналайын, асыл Серікжаным, құрметті Қостанай халқы, тойымыз қайырлы-құтты болсын! Бұл не деген ғажап қуаныш! Мен осы тоқсан жасқа таяған ғұмырымда дәл мұндай тойға куә болмап едім. Жөргектен қасиетке ие болған Серігім, міне, бүгін қошеметке ие болып отыр. Алла тағала қолдап, алдағы уақытта да талай кездесуі өтсін! Осындай ел-жерімізді мадақтайтын қасиетті ұл-қыздарымыздың қатары көбейе түссін! Серікжаным аман болсын! Киелі Тобыл-Торғай өңірі көркейе берсін!» – деп ағынан жарылып, батасын берді өңірге танымал ақсақал Жандарбек Сейітов.

Әлбетте, сан қырлы саңлақтың шығармашылық кеші әсем әуен, әсерлі жырмен көмкерілді. 200-ге жуық әнге сөз жазған ақынның халық жадында жатталып қалған таңғажайып туындылары әуеледі. Қазақ ән-сазының ұлылары – Әсет Бейсеуов, Бәкір Тәжібаев, Болат Хамзин, Марат Ілиясов, Қалибек Деріпсалдин секілді композиторлардың бірлескен шығармалары көрермен жүрегін тербеді. «Аққөлден ұшқан аққулар», «Торғай қызы», «Жолың болсын, жолаушы», «Бір аққуым бар шығар», «Ерке құсым» сынды сұлу әндерді дүйім қауым қосыла шырқады. Тобыл-Торғай халқына және қуаныш иесіне арнап қазақ сахнасының жарық жұлдыздары – Айгүл Қосанова, Нұрболат Арзамас және облыстық филармония өнерпаздары ән шырқады. Күмбірлеген күйге, дәстүрлі әуендерге құлақ құрышы қанды.

«Мерейтойыңыз құтты болсын, қадірлі аға! Осындай өзіміздің жақсы көретін өлеңдеріңізбен жүз жылдығыңызда халқыңызбен бірге қауышуымызға жазсын!» – деп лебізін қосты жезтаңдай әнші Айгүл Қосанова, халықтың ыстық ықыласына бөленіп тұрып.

Ал І.Омаров атындағы облыстық қазақ драма театрының актерлері дүркін-дүркін дүркіретіп ақын өлеңдерін оқыды. Оның махаббат лирикасы, асқақ рухты азаматтық жырлары, патриотизмге толы, парасатты поэзиясы жырсүйер жұртты бейжай қалдырмағаны анық. Сезім селіне көмілген нөпір халық кешті сілтідей тынып отырып тыңдады. Соңыра мерейтой иесіне ұзақ қошемет көрсетіп, құшағын гүлге толтырып, зор құрметпен шығарып салды. Шығармашылық жиыннан кейін ақынды темір тұлпар тізгініне отырғызу рәсімі өтіп, мерейгер құрметіне ақ дастархан жайылды.

Ақынды ардақтау – бір тұлғаның мерейтойын атап өту ғана емес, ұлт руханиятына тағзым ету көрінісі. Өйткені өнегелі шайыр ғұмыры өз дәуірінен бөлек, келер ұрпақтың да жан дүниесін байытатын асыл мұраға айналады. Саналы өмірін сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейткен Серік аға сондайлық сұңғылалар санатынан. Ендеше, ардақты ақынның мерейтойын тағылымды оқиғаға балауға толық негіз бар. Тарланбоз тұлғаның өзі ғасыр асып, өр өлеңі мәңгі жасағай!

Суреттерді түсіргендер –
Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ,
Василий ВАСИЛЬЕВ

Арқалы ақын Арқалықпен қауышты

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Дүлдүл ақынның дүбірлі тойы Арқалықта жалғасты. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлының 80 жасқа толуына орай шығармашылық кеші дүркіреп өтті. Қастерлі қаламгерді арқалықтық ағайын алақанға салып күтіп алды. Аталы жолмен ат мінгізіп, шапан жапты.

Торғайдың көркі келбетін жырына арқау еткен, туған жердің қасиетін өлеңмен өрнектеген, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар ақжал ақын жерлестерімен қуана қауышты. Дегдар дарынның мерейтойына арналған шығармашылық кеш ақынның өрнекті ғұмыр жолына тағзым ету белгісі ғана емес, Торғай топырағының талантқа бай екенін тағы бір мәрте паш еткен нағыз рухани оқиғаға айналды.

Алғашқы кезекте мерейтой иесін Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асанов құттықтап, иығына қазақы салт-дәстүрімізге сай шапан жауып, астына ат мінгізіп, зор құрмет көрсетті. Алқалаған ағайын атпал ақынның шығармашылығымен сусындады. Сыршыл өлеңдеріне жазылған біртуар әндер қала өнерпаздарының орындауында шырқалып, қарымды ақынның арынды, жалынды жырлары жерлестерінің көңілін көктетіп, рухын бір асқақтатып тастады.

Қанатты поэзия мен сұлу сазды әуендер тоғысқан шығармашылық кешке ақынның қасына ере келіп, арнайы қатысқан құрметті мемиандар да аз болмады. Атап айтқанда, Серік Тұрғынбекұлының құрдасы, қазақтың классик ақыны Кеңшілік Мырзабековтің ұрпағы, сыншы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Айбоз» ұлттық сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, ақын Мұхарбек Жәкейұлы сөз алып, кеш иесін мерейлі жасымен құттықтады.

Мерейі тасып, көңілі шалқыған ардақты ақынның өзі де перзентін алақанға сала дәріптеп, көлкөсір пейілін көрсеткен халықтың ыстық ықыласына ризашылығын білдірді.

Мәдениет сарайында сән-салтанатпен өткен айшықты кеште көрер қызық кем болмады. Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі кеш иесінің құрметіне арнап «Қазақ поэзиясының сұңқары» атты кітап көрмесін қалың көрерменнің назарына ұсынды.

Арқалық қаласы

Торғайдағы тағылымды кеш

Қарт Торғай қастерлі қаламгерін қуанышпен қарсы алды. Атақты ақын жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлының Астанада бастау алған мерейтойы кіндік қаны тамған өлкеде де өзгеше өрнегімен өтті. Торғайлық жерлестері ардақты перзентін төріне шығарып, көркем кеш ұйымдастырып, үлде мен бүлдеге орады.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ақын-драматург Серік Тұрғынбекұлы 80 жасқа толған тойын Торғай жұртымен бөлісті. Нұрхан Ахметбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде жыр жүйрігінің «Жүрегімнің сәулесі» атты әдеби-музыкалық кеші жоғары деңгейде өтті.

Серік Тұрғынбекұлы – қазақ еліне таныстыруды қажет етпейтін тұлға. Дей тұрғанмен аз-кем ғұмыр дерегіне тоқтала кеткенді жөн көреміз. Аяулы ақын ағамыз 1946 жылы 1 наурызда Торғайдың Тосын құмында, Төлеген қыстауында дүниеге келген. 1964 жылы орта мектепті тәмамдап, еңбек жолын Жангелдин аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастайды. Ақынның алғашқы өлеңдері осы газетте жарық көріп, әдебиет әлеміне даңғыл жол ашылған. Кейін Қазақ радиосында, республикалық «Лениншіл жас» газетінде, Қазақ телевизиясында, «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдарында, Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында және басқа да руханият салаларында жемісті қызмет атқарды.

Оның қаламынан туған лирикалық өлеңдер, поэмалар, драмалық шығармалар, публицистикалық мақалалар қазақ әдебиетінің алтын қорынан және жырсүйер жұрттың жүрегінен ойып тұрып орын алды. Дара дарынның шығармашылық еңбегі, қызмет жолы, тұлғалық болмысы туған жерінде өткен кеште сөз алған азаматтардың тіліне тиек болды.

Торғайдың топырағынан нәр алып, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасына айналған ақынның жауһар жырлары оқылды. Өрнегі бөлек өлеңдері арқау болған әндер шырқалып, қалың көпшілік назарына театрландырылған көріністер ұсынылды. Осылайша, асқақ тұлғалы ақынның туған жерге, елге, ұлт руханиятына деген шексіз сүйіспеншілігі мен қаламгерлік мұрасы

кеңінен насихатталды.

Мерейтой кешіне мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, әдебиеттанушы ғалымдар, мәдениет саласының майталмандары, ақынның отбасы мүшелері және жалпы өнерсүйер қауым қатысты. Мерекеге куә болуға арнайы ат терлетіп келген қадірлі қонақтар Серік ағамызға жүрекжарды лебіздерін арнап, ақтарыла тілек айтты. Қазақ әдебиетіне қосқан өлшеусіз үлесін жоғары бағалап, туған жерінің абырой-беделін асқақтатқан бірегей қайраткер екенін әспеттеп айтты.

Жангелдин ауданының әкімі Дінмұханбет Серікұлы мерейтойдың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан барлық өнерпазға Алғыс хат табыс етті. Сонымен қатар мерейтойға арнайы келген қадірлі қонақтарға аудан атынан естелік сыйлықтар табыстап, мейлінше құрмет көрсетті.

М.БЕКЕТҰЛЫ
Жангелдин ауданы

АХАҢНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ САБАҚТАРЫ

(Басы өткен сандарда)

ТӨРТІНШІ САБАҚ
Сыншылдық өнегесі

Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек.
Бірақ қарасөзді шығармаларға керек болған
пән білімі емес, басқа түрлі білім керек.
Бұған ғылым білімнен гөрі өнер білімі көбірек
керек.

Қазақ әдебиетінің тарихында сыншыл реализм идеялық-эстетикалық бағыт, көркемдік әдіс ретінде Абайдан басталатыны белгілі. Осы әдеби құбылысты алғаш рет «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе күшті болған Абай сөздері. Абаймен қатар басқалар да шыққанмен, олар асыл сөздің жаңа сипатын Абайдай айқын көзге түсерлік етіп көрсете алған жоқ. Сондықтан қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады» деп негіздеген [3, 161]. Біздің ойымызша, мұндағы «сындар дәуірі» – көркем әдебиетке ғана қатысты емес, жалпы қазақ қоғамындағы ой үдерісіне де ортақ құбылыс. Өйткені қазақ ойының бірден-бір және негізгі баяны да, бағдары да көркем әдебиет болғанын білеміз. Қоғамдық институттар әлі де сараланбаған аграрлық қоғамда халықтың негізгі мінбері көркем әдебиет болатыны әлемдік тарихтан белгілі жайт. Көркем сөз қоғамдық функцияны атқарған себепті, онда айтылған пікірлер мен идеялар көркемдік мәнде болуымен қоса, ұлттың барлық өзекті идеяларын көрсететін негізгі алаң мен арсеналға айналды. Осы реттен келсек, онда қазақ қоғамындағы сыни ойлаудың бастауы көркем әдебиет дейміз.

Абайдан кейінгі Алаш дәуірінде ұлттық ойлаудағы сыни мазмұн күшейді. Әлихан Бөкейханның мақалаларынан, Ахмет Байтұрсынұлының, Ғұмар Қараштың, Міржақып Дулатұлының өлеңдері мен мақалаларынан, Жүсіпбек Аймауытұлының мақалаларынан, Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясынан және «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарық көрген жарияланымдардан осыны айқын аңғарамыз. Бұл дәуірде Алаш зиялылары ұлттың өзін өзі сын жүзінде тануына, бағалауына ықпал жасады.

«Әдебиет танытқыш» оқулық жанрындағы еңбек болғандықтан, әлбетте мұнда көркем әдебиеттегі немесе публицистикалық мақалалардағы сияқты ашық түрдегі сынның ұшыраспайтыны түсінікті. Мұндағы сын таза көркем әдебиетке байланысты теориялық мақсатта. Оқулықта «сын», «сындар» деген ұғымдар бірнеше рет қайталанып және әр түрлі анықтама түзуде жиі қолданғандықтан олар терминдік-ұғымдық категорияға айналған.

А.Байтұрсынұлының сыншылдығын шығармашылық және қайраткер тұлға ретіндегі шыншыл ұстанымдарымен тікелей байланыстырамыз. «Қырық мысал», «Маса» сияқты поэзиялық жинақтарындағы және публицистикалық мақалаларындағы, сонымен бірге оқу құралдарындағы сыншылдық таным «Әдебиет танытқыштан» да үлкен орын алады.

Оқулықтың «Сын» бөлімінде: «Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз... Адамның қай ісінен шыққан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат – жақсы-жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту» деп сынның не үшін қажеттігін жалпылай жазса, сөз өнеріне қатыстырып: «Әдебиет адам ісінің бір түрінен шыққан нәрсе болғандықтан, бұ да сынға түспек. Мұның түрлісі түріне қарай сынға түседі. Бірақ қайсысы сынға түссе, шығармалардың түсетін сынының жалпы аты – әдебиет сыны деп айтылады», – дейді[3, 98].

Ғалымның сыни танымын әдіснамасының негізгі қырларының бірі деп тануымыз қажет. Оның бірнеше себептері бар А. Байтұрсынұлының сыни ойлауы қазақ қоғамының қажеттілігінен туған. Нақтырақ айтсақ, ол – қазақтың тұрмысына, әлеуметтік ахуалына, саяси жағдайына қанағаттанбаған тұлға. Егер ондай тұлға аса білімді ҳәм күрескер болса, сол қанағаттанбау сезімін сыртқа шығарады әрі өзі қанағаттанбаған құбылыстарды жөнге келтіру үшін күреседі. Екі әрекетті де өлеңдерінен оқимыз. Алғашқысы, қанағаттанбауын көрсетуі бірқатар өлеңдері мен мақалаларында, оқу құралдарында да бар. Мысалы, қазақтың отаршылдықтағы күйін «Қазақ салты» өлеңінде:

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік,
– деп суреттейді. Ал, күреске шығуын «Адамдық диханшысы» өлеңінде:
Адамдық диханшысы қырға шықты,
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың, –

деп көрсетеді. Мұнда Ахаң сияқты шыншыл тұлғаның тарихи танымы жатыр. Соған орай, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» оқулығын және бір аспектіде қарастыруға боларлық. Ол автордың тарихи танымының көріністері. Әлбетте, бұл тақырып таза филологиялық зерттеу аясына енбесе де, ұлт ұстазының тарихи көзқарасын аңғартуға жарайды деп ойлаймыз. Ахаңның тарихи танымы «Сөз өнерінің генезисі»,«Әдеби-эстетикалық үдеріс және сөз өнерінің тарихын дәуірлеу», «Жазба әдебиет» тақырыпшаларынан аңғарылады. Біз бұл арада Ахмет Байтұрсынұлының ғалым, әдіскер, қайраткер болуымен бірге ұлттың аса ірі жанашыры ретінде тарихын танығанын және бағалағанын сөз етуді жөн санадық. Өйткені мұнда айтуға тұрарлық ойлар бар. Мысалы, «Әдебиет танытқыш» авторы тарихымызға байланысты ойландырарлық мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ өнерсіз халық бола тұра, көпке шейінбөтен жұрттарға бағынбай келгенін түрлі жоруға болады: не бұрынғы заманда қазақ мықты халық болған деп, не көшпелі болғаннан сынаптай сырғып, ешкімнің қолында тұрмаған деп, не ауданы үлкен кең дала, ол замандағы айналасындағы көршілі жұрттардың уысына сыймаған деп» [3,61]. Қазіргі тәуелсіздік тұсында тарихқа баға беруде бәрімізді де ойландыратын пікір.

Алаш қайраткерлері тарихқа анық қараған, әділетті бағасын берген. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерін оқығанда халықтың кемшілігі мен артықшылығын, кешегісі мен бүгінгісін объективті түрде баяндап, солардан дәуірдің қажеттілігіне орай тиісті тағылым дарытуды үнемі айтып отырған.

«Әдебиет танытқыштағы»: «Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман (ұлы әңгіме) деп ат қойылса да,өресі мен өрісі шағын болғандықтан о да ұлы әңгіме емес, ұзақ әңгімеге жақын» деген пікірінен Ахаңның тағы бір әділетті пікірін оқимыз [3,166]. Жанрлар және әдеби эволюция теорияларына сүйенсек,онда біз «роман» деп жүрген С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» шығармалары да ұзақ әңгіме, яғни повесть жанрындағы көркем шығармалар. Бәріміз аталған шығармаларға идеясы, көлемі жуық келетін, тура сол кезде жазылған Б.Майлиннің «Шұғаның белгісін» «повесть» деп жүрсек, онда қисынға аталған шығармалар да осы жанрдағы еңбектер.

Әдеби эволюция тұрғысынан қарар болсақ, онда аталған повестер әдебиет тарихында жазылып жүргендей, ағартушылық, сыншыл реализмге қарағанда мейлінше сентименталистік көркемдік әдістің үлгілері. Француз тіліндегі «sentimentalisme» сөзінен шыққан және «сезімшілдік» деген ұғымдағы термин адамның сезімін айрықша ардақтап, соған негізделген әр жанрдағы шығармаларды топтастырады. Әдеби ағым ретінде Еуропа әдебиетінде XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында болған сентиментализм XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде де байқалды. Оны М.Жұмабаетың, С. Торайғыровтың, С.Сейфулиннің кейбір өлеңдерінен аңғарамыз.

Ахмет Байтұрсынұлының ұстаздық, ғалымдық және қайраткерлік еңбегінен түзілетін және біздің санамыздан орын алатын адами, тарихи бейнесі өте шыншыл тұлға ретінде танылады. Оны шығармашылық қабілет-қасиеттерімен бірге ақиқатшыл адам ретінде қабылдаймыз. Сондықтан Ахаңның жазған еңбектері және ұлт үшін жасаған қайраткерлігі бізді толық иландырады да, біз есіміне де, еңбектеріне де айрықша құрметпен қараймыз.

Ахмет Байтұрсынұлының сыншылдығы мен әдіснамасы арасындағы сабақты байланыс шынайылығында. Мәселен, ол қазақ әдебиетінің дәуірлерін айтқанда сол кезеңнің ақындарына шынайы баға береді. Ол үшін ең маңыздысы – әр дәуірде туған шығармалардың әдебиетті дамытудағы рөлі мен үлесі. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып соған еліктеуден пайда болып отыр. Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс. Осы күнгі әдебиеттің түп үлгісі грек жұртынан алынған. Грек әдебиетінен үлгіні Рум алған. Еуропадағы басқа жұрттар алған. Біздің орыс та әдебиет үлгісін Еуропадан алып отыр, біз орыстан алып отырмыз» деп жазады [3,144]. Осынау пікірде тұтас дәуірлердің және ғаламдық әдебиеттің даму үрдісі бар. Қазіргі тәуелсіздік эйфориясы кезінде біз өзімізді айрықша халық ретінде көрсетеміз деп кейбір орынсыз мақтан мен мадаққа барып жүрміз. Бұл әлемдік даму эволюциясын не ескермегендіктен, не білмегендіктен. Ғылым үшін мұндай орынсыз пікірлер әдебиеттану ғылымында да байқалып жүр.

Ғалымның сын табиғатын танытудағы мына бір пікірі айрықша назар аударарлық. «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі» – дей келеді де, олардың қалай сыналуы қажет екендігін жіктеп, саралап береді [3,100]. Сол саралау бойынша автор «...асылында екі тысқы, екі ішкі сын болады» – дейді [3,100]. Оның айтуынша, «тысқы сындар» тілге, сөздің дұрыс қолдануына байланысты болса, «ішкі сындар» қаламгер суреттеген мінездердің, әрекеттердің, психологияның қисындылығымен және өмір шындығының ақиқат бейнеленуімен дұрыс көрсетілуімен және оқырманға әсерімен сабақтастырылады. Бұл ойда қаншама терең таным жатыр. Яғни, біз көркем шығарманы тануда осындай аспектілерді жекелей және тұтастай өзара сабақтастыра зерделеуіміз керек.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болларға керек» - деп жазған Ахмет Байтұрсынұлы сынында әдебиеттің идеялық және эстетикалық мәні тұтастықта сөз болып, автор көркем шығарманы талдаудың әдістерін ұсынады, осындай ғылыми көзқарас – әдебиеттанушыларға қазір де пайдалы әдіснамалық сабақ.

(Жалғасы бар)

Ербол ТІЛЕШОВ,
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты

«Өнердегі тазалықты сақтау – тәуелсіздікті қорғаумен тең түсінік»

Егемендік ел руханиятына үлкен серпіліс әкелді. Мәдениет саласы мүлдем жаңа кейіпке еніп, қарқынды дамыды. Тәуелсіздік жылдары Қостанайда да қазақ өнері кеңінен тамыр жайды. Кәсіби өнер ордалары ашылды, бұрын болмаған ұжымдар құрылды...

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), педагогика ғылымдарының кандидаты, білім саласының үздігі, Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері, мәдениет саласының үздігі Салтанат Жақаева сол оқиғалардың бел ортасында жүрді. Әлі күнге қазақ руханиятына қалтқысыз қызмет етіп келеді. Алты жыл бұрын ол Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясы жанынан алғаш рет камералық хор ашқан еді. Аталған ұжым таяуда Ақтөбе қаласында өткен «Жұбанов көктемі» Халықаралық хор музыкасы фестивалінен жүлделі II орынмен оралды. Мұндай беделді бәсекеде топ жару оңай емес. Ұжымның бәйгесі – аймақтың абыройы, Қостанай облысының 90 жылдығына жасаған тартуы десек те болады. Осы орайда камералық хордың көркемдік жетекшісін әңгімеге тартқан едік.

– Салтанат Әнуарбекқызы, камералық хор құру оңай шаруа емес. Оған көп қажыр-қайрат, уақыт керек. Филармония жанынан жасақталған ұжым бір күнде пайда болмағаны анық. Хор құру идеясы қашан басталды? Әңгіменің әлқиссасын содан қозғасақ...

– Иә, камералық хор – ұзақ жылғы жүйелі жұмыстың жемісі. Негізі, бұл идея егемендіктің елең-алаңында басталды. Тәуелсіздік жылдарында Қостанайда ұлттық өнерге сұраныс көбейді. Халық жоғалтқанын түгендеуге көшті. Облыс әкімі Кенжебек Үкин, мәдениет басқармасының басшысы Римма Ғайсенова бас болып, өңірге кәсіби мамандарды, консерватория түлектерін әкеле бастады. Атақты «Ақжелең» ансамблі сол түлектерден құрылды. Мен сол жылдары өнердің алғашқы қарлығаштарымен бірге туған жерім Қостанайға келдім.

– Кеңес үкіметі құлағанда экономикасы тұралап жатты. Тәуелсіздігін енді жариялаған елдің мәдениетке мән берердей мүмкіндігі де болмады. Оның үстіне Қостанайда қазақтардың саны аз. «Тақырға келгендей» өкініп қалған жоқсыз ба?

– Иә. Қиындық көп, мәселе шаш-етектен еді. Бірақ еш өкінген жоқпыз. Бойымызда жастықтың оты жалындап тұр. Шетінен патриотпыз. Оның үстіне өнерге жанашыр жандардың қолдауы қанат бітірді. Университетке Зұлқарнай Алдамжар ректор болып келісімен музыка кафедрасын ашып, қазақ бөлімдеріне басымдық берді. «Ақжелең» ансамблінен Әлімжан Әбсадық пен Назымбек Молдахметов бізге оқытушы болып келді. Он бес шақты баланың басын қосып, мен хор құрдым, Назымбек оркестр ашты. Шетінен өнерлі жастар, олар оркестрде де ойнады, хорды да қатар алып жүрді. Репертуарымыздың дені қазақ әндері еді. Халық руханиятқа сусап қалған. Сөйтіп алғаш «үніміз шықты», таныла бастадық. Үлкен сахнаға жол осылай басталды. Солистері ауысқанмен, ұжым негізгі діңгегін сақтап қалды. Мен университетте хор пәні сабағын жүргіздім.

– Алайда камералық хор ресми түрде 2020 жылы ашылды ғой...

– Осындайда «зулап өткен уақыт-ай» дейсің. Сонау тоқсаныншы жылдардың аяғында халықтың көрген қиындығы көз алдыңа келеді. Ол кезде камералық хор туралы ойлаудың өзі ыңғайсыз еді. Әлеуметтік жағдай тым қиын болды. Кейін ахуал түзелгенмен, штат ашу оңай емес-ті. Алайда біздің бақытымызға орай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнердің нағыз жанашыры Назымбек Молдахметов 2019 жылы филармонияға директор болып келді. Бірде ол мені шақырып алып, «камералық хор ашайық» деген ұсынысын айтты. Ой, сондағы қуанғаным-ай! Мезгіл 2020 жылдың ақпан айы еді, бірден маман жинауға кірісіп кеттім.

– Осы ретте камералық хордың ерекшелігі, табиғаты туралы айта кетсеңіз. Оған қабылданатын музыкантқа қандай талаптар қойылады?

– Камералық хор – үлкен академиялық хорларға қарағанда құрамы шағын, (әдетте 12-ден 30 адамға дейін), бірақ орындаушылық шеберлігі өте жоғары кәсіби музыканттардан құрылатын вокалдық ұжым. Онда ән айту екінің бірінің қолынан келмейді, өте күрделі өнер. «Ең шынайы музыкалық аспап – адамның үні» деген екен Әл-Фараби. Бірнеше адамды «бір адамға айналдыру» оңай емес. Олардың демі де, үні де, қимылы да бір организмдей жұмыс істегенде ғана нәтижеге жетесің. Негізі, кәсіби ұжымға жоғары білімі бар, қалыптасқан вокалистер қабылданады. Ал өңірде ондай маманды табу оңай емес. Консерватория бітіргендер облысқа келгісі жоқ. Келгендер аз жалақыға жұмыс істеуге ықыласты емес дегендей. Әйткенмен сол жылы наурызда ұжым толық жасақталды. Бұл ретте баяғы өзім әзірлеген студенттерім негізгі іртетас болды. Жан-жақта жұмыс істеп жүрген жастарды жинадым. Назымбек Молдахметов өзі бас болып, А.Евсюков, Г.Стаканов, т.б. кәсіби музыканттар ұжымды наурыз айының басында толықтай тыңдап, қабылдап алды. Бірден құлшына жұмысқа кірістік. Өкінішке қарай, бір апта өтпей бүкіләлемдік пандемия басталып кетті...

– Дегенмен «COVID-19» кезінде камералық хор жұмысын тоқтатпағанын білеміз. Керісінше, күн сайын онлайн концерт беріп, халықтың көңілін серпіді. Енді ұжымның репертуарына қарай ойыссаңыз. Қазір қандай әндерді орындап жүрсіздер?

– Камералық хорда үлкен хордағыдай «көпшіліктің ішіне жасырыну» мүмкін емес, әр дауыс таза әрі анық шығуға тиіс. Сонысымен де күрделі. Мысалы, кез келген аспаптың құлақ күйін бұрап келтіруге болады. Ал адамның ішкі дауысын қалай «бұрайсың»? Ол үшін айтатын музыканы «ішіне түсіріп», әбден сіңдіру керек. Әр адаммен жеке жұмыс істеуге тура келеді. Бірінің даусы зор, бірінікі нәзік дегендей, музыканы қабылдаулары да әртүрлі. Оның бәрін үйлестіруге көп уақыт керек. Дегенмен біз бұл қиындықты еңсердік. Өйткені ұжым «Жастар жылы» құрылды. Хорға өңкей жастарды алдық. Назекеңнің де талабы сол еді. Жастардың үні арқылы ұлтымыздың генетикалық жадын оятуды көздедік. Сол себепті де әуелі қазақ әндерінен бастадық. Бұл жерде бір нәрсені түсіну керек. Жаңа ұжымға бірден күрделі әндерді айтқызуға болмайды. Баланы бірінші сыныптан бастап оқытқандай, баппен тәрбиелеу керек. Бақытжан Байқадамов, Ғазиза Жұбанова, Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиевтердің хорға өңделген шығармалары, Абайдың туындылары, халық әндерін жастар тез игерді. Өйткені қанымызда бар ғой. Ол әндерді жеке дауыста тыңдау бір бөлек, ал хордың орындауында мүлдем басқаша әсер береді. «Майра», «Самалтау», «Бипыл», «Екі жирендерді» хордың орындауында тыңдасаңыз, төбе құйқаң шымырлайды.

– Ұжымның қазіргі деңгейін қалай бағалар едіңіз?

– Алты жылғы үздіксіз ізденіс нәтижесін берді. Пандемия салдарынан алғашқы концертіміз 2023 жылы өтті. Биыл да ел алдында есеп беру концертін өткіздік. Мақтанғаным емес, қазір шәкірттерім қазақ классикасынан бөлек, Моцарт, Рахманинов, Свиридов, Танеевадан бастап, әлемнің ең үздік ән жауһарларын қиналмай орындайды. Хордың тағы бір ерекшелігі – ол ешқашан фонограммамен айтпайды. Біз бұл ретте өнердегі жасандылықпен күресіп жүрген жандармыз. Айтқандай, биыл біз еліміз бойынша алғаш рет жасанды интеллектімен қосылып хормен ән салдық. Бұны әлемдік жаңалық деуге де болады. Бірақ қалай болғанда да адамның аты – адам. Жанды дауысқа ештеңе жетпейді. Бәрі фонограммамен айтып, ЖИ орындайтын, жадағай, жансыз, нәрсіз эстрадалық әндерге көшіп кетсе, бізде сонда не қалады? Ұлттық өнер – ұлттың рухы. Ол өткінші «мәдениеттің» тасасында қалмауы керек. Өнердегі тазалықты сақтау – Тәуелсіздік алдындағы парыз, бабалар аманаты алдындағы жауапкершілік.

– Бұл ойыңызға толықтай қосыламын. Салтанат Әнуарбекқызы, хор өнерінің қиындығы туралы айтып жатырсыз. Неліктен осындай күрделі жанрды таңдадыңыз? Енді өз өміріңіз туралы айта кетсеңіз...

– Әулетімізбен музыкаға бейім едік. Бала күнімнен ән айтуға әуес болдым. Алматыдағы атақты Чайковский атындағы музыкалық колледждің хор дирижері мамандығы бойынша бітіріп, консерваторияға тапсырдым. Сол жылы мемлекеттік емтиханның төрағасы Абай атындағы опера театрының хормейстері Ләйлә Айдарбекова екен. Өте танымал адам. Талабы да мықты. Ләйлә Әділханқызы он шақты баланы ғана оқуға қабылдады. Соның бірі мен едім. Бес жыл оқып, «хор дирижері және дирижерлік пәнінің оқытушысы» деген диплом алдым. Жолдамамен Қызылордаға жіберді. Сыр елінде колледжде жұмыс істеп, алғашқы әйелдер хорын аштым. Еліміз Тәуелсіздік алғасын, консерватория берген «тиісті мерзімімді өтеп», Қостанайға келдім. Хор дирижері мамандығы Кеңес үкіметі кезінде сирек мамандық еді. Қазір оқытатын оқу орындары көбейді. Алайда, диплом алғанымен, бұл өнерде қалатындар сирек. Оған ынтадан бөлек талант, жанкешті еңбек, биік талғам керек. Өз басым шәкірттерімнің алды Алматы, Астана, қайсыбірі Ресейде абыроймен жұмыс істеп жүргендерін мақтан етемін. Міне, Тәуелсіздіктің менің өміріме тигізген шапағаты.

– Сіз жеткен жетіктіктеріңізді Тәуелсіздікпен байланыстырасыз ба?

– Әрине. Өткен күннің бәрі көз алдымызда. Қандай заман өткенін жас болсақ та көрдік, сездік. Егер Егемендігіміз болмаса, бүгінгідей игілікке жетер ме едік, кім білсін. Хор ұжымын құру, қазақ әндерін насихаттау менің бала күнгі арманым ғой. Сол мақсатыма қолым Тәуелсіздіктің арқасында жетті. Бүгінде қазақтың әні әлемге танылды деп сеніммен айта аламын. Оған мысал көп. Бейбіт еліміз барынша жағдай жасап отыр. Ендеше, біз, әрқайсымыз өз саламызда сапалы еңбек етуіміз керек. Әр азамат саналы, сапалы болса, еліміз де қуатты, мығым болады емес пе?!

– Әңгімеңізге рахмет. Камералық хор биік жетістіктерге жете берсін. Қазақ үні, өнері асқақтай берсін!

Сұхбаттасқан –
Абылай МАУДАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

«Анашым, мен жол апатына түстім, тез арада ақша керек!». Телефон тұтқасының арғы жағынан баласының даусы естілгенде кез келген ата-ананың жүрегі дүрсілдеп қоя беретіні анық. Бүгінде мұндай қоңыраулардың бәрі бірдей рас емес. Жасанды интеллект технологияларының көмегімен алаяқтар адамның дауысын бірнеше секундтық жазба арқылы көшіріп, жақындарының атынан сөйлесе алады. Сенімге кіріп, ақша аудартудың жаңа тәсілдері күн сайын жетіліп келеді.

Бір қоңырау – өмірлік сабақ

Серәлы МЫРЗАБАЙ

Қазіргі қоғамда интернет пен цифрлық технологиялар өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Онлайн төлемдер жасаймыз, мемлекеттік қызметтерді аламыз, сатып алымдарымызды интернет арқылы рәсімдейміз. Алайда технология дамыған сайын алаяқтардың да әрекеті күрделене түсуде. Сондықтан қаржылық қауіпсіздік пен цифрлық сауаттылық мәселесі бұрынғыдан да маңызды болып отыр.

Бұл тек Қостанай облысы бойынша көрсеткіш», – дейді Олжас Мағыпаров.

Жыл басынан бері Қостанай облысында 600-ден астам интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Келтірілген шығын көлемі 700 миллион теңгеден асып отыр. Өңір бұл көрсеткіш бойынша республикада алтыншы орында тұр.

«Қостанай облысы интернет-алаяқтықты тіркеу көрсеткіші бойынша Астана, Алматы, Қарағанды, Алматы облысы және Павлодар облысынан кейін алтыншы орында тұр. Қазіргі уақытта ерекше назар аударылып отырған мәселенің бірі – дропперлік схемалар. Қылмыскерлер интернеттен жеңіл табыс іздейтін жастарды нысанаға алып, олардың атына банк шоттарын ашқызады. Бүгінгі күні алаяқтар пайдаланған 832 банк шоты анықталды. Оның ішінде 57-сі шетел азаматтарына тиесілі. Яғни қаскөйлер шетел азаматтарын Қазақстанға шақырып, оларға ЖСН рәсімдетіп, банк шоттарын ашқызады. Кейін бұл шоттар алаяқтық схемаларда пайдаланылады. Интернет-алаяқтық пен киберқылмыстың алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан барлық профилактикалық шаралар белгілі бір оң нәтиже беруде. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шамамен 200 қылмысқа аз тіркелген», – деп атап өтті ол.

Қазіргі кезде алаяқтар банк жүйесін немесе ұялы телефонды бұзуға тырыспайды. Олардың басты көздегені – адамның сеніміне кіру. Олар әлеуметтік инженерия тәсілдерін пайдаланып, адамдардың эмоцияларына, қорқынышына немесе тез әрі оңай табыс табуға деген ұмтылысына әсер етеді. Осылайша адамға манипуляция жасап, өз мақсатына жетеді.

Дроппер болу бір-ақ сәт

Соңғы кезде жиі айтылып жүрген дропперлер де алаяқтардың «көмекшісі». Олар өзінің банк картасын немесе есепшотын қылмыскерлердің пайдалануына берген адамдар. Қостанай облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің аға жедел уәкілі Әсемгүл Балжақаева жастардың осындай схемаларға жиі тартылатынын атап өтті.

«Жеңіл табыс табуға ұмтылатын жастар алаяқтардың негізгі нысанасына айналып отыр. Олар әлеуметтік желілер мен түрлі хабарландыру сайттары арқылы «оңай жұмыс», «пассивті табыс», «икемді жұмыс кестесі» деген жарнамалар береді. Нәтижесінде адам өзінің банк картасын бөтен біреуге пайдалануға береді немесе өз атына шот ашып, оны үшінші тұлғаларға өткізеді. Кейін бұл шоттар арқылы алаяқтық операциялар жүргізіледі», – деді маман.

Оның айтуынша, бүгінде Қазақстан заңнамасында банк деректемелерін үшінші тұлғаларға беруге тыйым салатын арнайы норма бар. Мұндай әрекет үшін материалдық жауапкершілік те қарастырылған.

«Дропперлер – алаяқтық қаржы схемасындағы соңғы буын. Көп жағдайда олар заңсыз қаржылық операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын қарапайым азаматтар. Бүгінгі таңда дропперге кез келген адам айналып кетуі мүмкін. Олардың қатарына мектеп оқушылары мен студенттер, шетелдік мигранттар, жұмыссыздар, зейнеткерлер, үй шаруасындағы адамдар және алкогольге тәуелді азаматтар кіреді. Әсіресе жастар осындай схемаларға жиі тартылады. Бұл негізінен 18 бен 25 жас аралығындағы жеңіл табысқа қызығатын адамдар. Қазақстан Республикасының заңнамасына жаңа 232-1-бап енгізілді. Ол банк деректемелерін үшінші тұлғаларға беруге тыйым салады. Сонымен қатар материалдық жауапкершілік қарастырылған. Яғни заңсыз алынған қаражаттың толық көлемі азаматтық тәртіппен өндіріліп алынуы мүмкін», – екенін жеткізді.

Қазіргі кезде дропперлердің бірнеше түрі бар. Олар: қолма-қол ақша шешіп берушілер, транзиттік аударым жасаушылар, ақша салушылар және әмбебап дропперлер. Қолма-қол ақша шешіп берушілер өздерінің банк карталары арқылы қылмыстық жолмен алынған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдырып, оны алаяқтарға береді. Транзиттік дропперлер қаражатты бір шоттан екіншісіне аударады. Ақша салушылар қолма-қол ақшаны алып, оны басқа банк карталарына немесе шоттарға енгізеді. Ал әмбебап дропперлер жоғарыда аталған барлық әрекеттерді орындайды. Бір дроппердің «жарамдылық мерзімі» орта есеппен үш айдан жеті айға дейін созылады. Алаяқтар бір тәулік ішінде бір ғана карта арқылы жиырмадан астам қаржылық операция жүргізуі мүмкін.

«Интернетте мұндай «жұмысқа» өз еркімен келісетін адамдар кездеседі. Бірақ кейбір азаматтар мұндай схемаға байқамай да кіріп кетеді. Олар түрлі акциялар, арнайы ұсыныстар немесе жалған бос жұмыс орындары арқылы тартылуы мүмкін. Көп жағдайда мұндай хабарландырулар белгілі және табысты компаниялардың ұсыныстары ретінде жасырылып беріледі. Компаниялардың ресми сайттарына ұқсас жалған веб-ресурстар жасалады. Дропперлерге арналған бос орындар танымал хабарландыру сайттарында да жиі кездеседі. Дропперлер ақшаны шығарудың құралы болса, жасанды интеллект оны табудың жаңа тәсіліне айналып отыр. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, өткен жылы жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы жасалған алаяқтыққа байланысты ондаған қылмыстық іс тіркелген. Бүгінде қаскөйлер жалған аккаунттар ашып, танымал адамдардың атынан әрекет етеді. Кей жағдайларда жазысуды тіпті жасанды интеллект жүргізеді. Негізгі мақсат – сіздің ақшаңызды иемдену. Астана қаласының тұрғыны өзін шетелдік азамат ретінде таныстырған адаммен қысқа уақыт хат алмасқаннан кейін оған 9 миллион теңгеден астам қаражат аударған. Алаяқ романтикалық қарым-қатынас орнатқандай болып, әйелдің сеніміне кірген. Кейін психологиялық айла-шарғыларды пайдаланып, одан ақша алған. Егер осындай жағдайға тап болсаңыз, ең алдымен құқық қорғау органдарына жүгіну қажет. Аз таныс адамдарға ақша аударманыз және сұхбаттасушы туралы ақпаратты тексеріңіз. Қазіргі уақытта мұны жасауға мүмкіндік беретін көптеген құралдар бар. Мысалы, суреттерді Google немесе Яндекс арқылы кері іздеу қызметтері адамның фотосуреттерінің шынайылығын тексеруге көмектеседі», – дейді Әсемгүл Балжақаева.

Суретте – сіз, арғы жағында – алаяқ

Жасанды интеллект – медицинада, білім беру саласында, ғылым мен зерттеулерде, банк жүйесінде, бағдарламалауда және көптеген басқа салаларда қолданылатын қуатты технология. Алайда кез келген технология сияқты оның да екі қыры бар. Өкінішке қарай, бүгінде оның теріс мүмкіндіктерін алаяқтар белсенді пайдаланып отыр. Ол деректерді талдап, ақпаратты өңдей алады және қажетті мәліметтерді табуға көмектеседі. Сонымен қатар жасанды интеллект бейнелерді, белгілерді және түрлі заңдылықтарды тануға қабілетті.

«Бүгінде алаяқтар адамның дауысын көшіріп, жақындарына хабарласа алады. Сондықтан күтпеген жағдайда ақша сұраған кез келген адамға бірден сенуге болмайды. Міндетті түрде қайта хабарласып, ақпараттың рас-өтірігін тексеру қажет. Қазіргі кезде алаяқтар танымал тұлғалардың бейнесін жиі пайдаланады. Мысалы, белгілі кәсіпкерлердің немесе өнер жұлдыздарының атынан сөйлеп, инвестиция салуға шақырады. Олар: «Ақша салыңыз, міндетті түрде табыс табасыз» деп уәде береді. Мұндай бейнелердің барлығы шынайы емес екенін есте сақтау керек. Мысалы, жарнамаларда белгілі адамдардың атынан сөйлейтін жалған бейнелер таратылады. Онда әлдебір платформаның сенімділігі туралы айтылып, нақты адамдардың жетістіктері мысалға келтіріледі. «Мен өзім тексердім», «бәрі заңды», «үш күнде табыс таптым», «бір айдың ішінде бірнеше есе көбейттім» деген секілді сөздер айтылады. Алайда мұндай жарнамалардың негізгі мақсаты – адамдарды инвестициялық алаяқтық схемаларына тарту. Сондықтан интернетте көрген кез келген ұсынысқа сыни көзқараспен қарап, ақпараттың шынайылығын міндетті түрде тексеру қажет», – деді Әсемгүл Балжақаева.

Маман әлеуметтік желілердегі фотосуреттердің де алаяқтар үшін ақпарат көзіне айналғанын айтты. Жасанды интеллект адамның туған күні, қызығушылықтары, жақындарының аты-жөні секілді деректерді талдап, құпиясөздерді анықтауға көмектеседі. Сондықтан сарапшылар азаматтарға бірнеше қарапайым ережені ұстануға кеңес береді. Яғни, SMS арқылы келген кодтарды ешкімге айтпау қажет. Белгісіз адамдарға ақша аудармау керек. Банк картасының деректерін жариялауға болмайды. Әлеуметтік желілердегі жеке ақпараттың қолжетімділігіне шектеу енгізу керек. Күмәнді инвестициялық ұсыныстарға сене беруге болмайды. Маңызды қаржылық шешім қабылдамас бұрын ақпаратты бірнеше рет тексерген дұрыс. Осы кеңестерді есте ұстасаңыз алаяқтарға алданбай, қаржыңызды сақтай аласыз.

6 шілде, Дүйсенбі

QAZAQSTAN

04:30 Әнұран 04:35 "Көңіл толқыны" 04:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/8 финал 07:00 "TAŃSHOLPAN" 09:00 "Асыл мұра" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Қайырлы кеш!" 13:50 "Ыстық ұя" 15:40 "Арман қала" 16:05 "Асыл арман" 17:40 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 Ақпарат 20:30 "Гүлдер сыры" 21:25 "Музарт" ансамблінің концерті 23:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/8 финал 02:00 Ақпарат 02:30 "Арман қала" 02:55 "Асыл арман"

ЕВРАЗИЯ

06:00 "П@УТІNA" 07:05 "KÓREMIZ-ШОУ" 08:05 "Молочная девочка" 10:15 "DASTARХАН" 11:40 "Операция "Алтын адам"" 14:05 "Арал қайта оралған үміт" 14:30 "QOSLIKE" 18:30 Басты жаңалықтар 19:00 "KÓREMIZ-ШОУ" 20:00 Главные новости 20:35 "Улицы разбитых фонарей 16" 01:10 Главные новости 01:50 "Между нами химия" 03:05 Басты жаңалықтар 03:45 "П@УТІNA"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Өмір ағымы" 08:00 "Дәмдес болайық" 08:30 "Ұлы даланың көне шаһарлары" 09:00 Спектакль 10:00 "Взгляд из-под чалмы" 10:30 "Спорт – басты назарда" 10:45 "Жәдігерлер құпиясы" 11:00 Спектакль 13:00 Телесериал 14:40 "Ұлы дала тұлғалары" 15:00 Телехикаясы 18:00 Телехикаясы 20:00 Телесериал 22:00 "Беу, туған жер" 22:45 "Құрақ көрпе" 23:20 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Қарапайым - Ханшайым"

НТК

07:00 "Разминка" 07:15 "Достық 99" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Щенячий патруль" 10:00 "Кот в сапогах 2: Последнее желание" 12:00 "Щенячий патруль в кино" 13:50 "Эспен в поисках золотого замка" 16:10 "Бамблби" 18:40 "Мумия" 20:40 "Патруль. Последний приказ" 22:30 "Выживший" 00:50 "Қатыгез Ыстамбұл" 01:40 "Жаңа казахи" 02:20 "Қызық LIVE" 03:40 "Ұ-NIGHT SHOW" 04:00 "INSTA TV" 04:20-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Әнім сен едің" 08:30 "Тоғжан" 10:15 "Последнее лето" 12:05 Концерт Қуандық Рахым 14:00 "Брат или брак 2" 16:00 "Объятия лжи" 18:00 "Однажды в Чукурова" 20:00 "Болған оқиға" 21:30 "Гадалка" 23:30 "Отдай мою мечту" 01:30 "Объятия лжи" 03:00 "Последнее лето" 04:30 "Тоғжан" 06:05 "Кешкі жаңалықтар"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 Концерт "Астана - арман қала" 08:00 "COVER SHOW" 10:00 "Келінжан" 12:00 "COVER SHOW" 14:00 "Барбоскины" 14:40 "Қожа. Жаңа саяхат" 16:15 "Семья и немного справедливости" 19:00 Новости 19:30 Жаңалықтар 20:00 "Жыным Сол" 21:45 "Жыным Сол 2" 23:45 Творческий вечер Секен Тұрысбек

ASTANA TV

06:30 Концерт Юлдуз Усманова 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 11:20 "Аппақ келін" 12:00 Кино 14:30 "Ән мен әнші" 17:10 "Musicom". Театр Нұржан Құлшынбаев 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 Кино 00:50 Кино

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 "Тойхана" 06:22 "Ауыл мұғалімі" 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 10:00 "Тәуіп Хо Жун" 11:20 Телесериал 12:40 "SOLANA" 16:00 "Қайрат Нұртастың жаңа концерті" 18:00 "Ғашықпын саған" 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:00 "Тәуіп Хо Жун" 01:10 Шымкент ШОУ 02:00 Телесериал 04:50 Гүл-гүл шоу

7 шілде, Сейсенбі

QAZAQSTAN

04:30 Әнұран 04:35 "Көңіл толқыны" 04:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/8 финал 07:00 "TAŃSHOLPAN" 09:00 "Мың уәде" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Қызық екен..." 12:50 "Жалған өмір" 13:55 "Талантты тану" 14:15 "Сағындырған әндер-ай!" 15:35 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 15:55 "Бір үйдің балалары" 17:00 Ақпарат 17:20 "Қазір айтайық" 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 Ақпарат 20:25 Ақша әліппесі 20:30 "Гүлдер сыры" 21:25 "Бір үйдің балалары" 22:20 "Ашық алаң" 23:10 "1001 түн" 00:15 Ақпарат 00:40 Ақша әліппесі 00:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/8 финал 03:00 "Қазір айтайық"

ЕВРАЗИЯ

06:00 "П@УТІNA" 07:15 Жаңалықтар 07:25 "KÓREMIZ-ШОУ" 08:25 Новости 08:40 "Принц Сибири" 09:45 Жаңалықтар 09:55 "Там, где не бывает снега" 11:00 Новости 11:15 "Жить здорово" 12:20 "Давай поженимся!" 13:20 "Модный приговор" 14:10 Жаңалықтар 14:25 Новости 14:30 "QOSLIKE" 18:30 Басты жаңалықтар 19:00 "KÓREMIZ-ШОУ" 20:00 Главные новости 20:35 "Улицы разбитых фонарей 16" 01:10 Главные новости 01:50 "Между нами химия" 03:00 Басты жаңалықтар 03:45 "П@УТІNA"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Қазақстандағы ішкі туризм" 06:30 "Қара шаңырақ" 07:00 "Разбудильник" 09:00 "РТН. Подробности" 09:30 "Спорт – басты назарда" 09:50 "Біздің адамдар" 10:00 "Жаңалықтар" 10:30 "Көкейтесті сұхбат" 11:00 "Өмір ағымы" 13:00 "Ұлы дала тұлғалары" 13:30 "Абай" 14:00 Телесериал 15:00 "Сәтті күн" 16:00 "Жүректен жүрекке" 17:00 Телесериал 18:00 Телехикаясы 19:00 "Жаңалықтар" 19:25 "Көкейтесті сұхбат" 20:00 РТН 20:30 "Дело №" 20:40 "Көкейтесті сұхбат" 21:05 Телесериал 22:00 РТН 22:30 "Менің мамандығым" 23:00 "Жаңалықтар" 23:30 "Көкейтесті сұхбат" 23:50 "Қазақ даласының құпиялары" 00:10 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Құрақ көрпе"

НТК

07:00 "Разминка" 07:15 "Достық 99" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Щенячий патруль" 10:20 "Щенячий патруль в кино" 12:00 "Бамблби" 14:20 "Запретный Китай" 15:30 "Патруль. Последний приказ" 17:30 "Выживший" 19:30 "S.W.A.T.: Спецназ города ангелов" 20:30 "Детоксикация" 22:20 "ЖБ" 23:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 00:40 "Жаңа казахи" 01:20 "Қызық LIVE" 02:00 "Ұ-NIGHT SHOW" 03:20 "INSTA TV" 04:00-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Кешкі жаңалықтар" 07:30 "Әнім сен едің" 08:20 "Тоғжан" 10:00 "Вечерние новости" 10:30 "Последнее лето" 12:20 "Отдай мою мечту" 14:30 "Гадалка" 16:30 "Спасти Веру" 18:30 "Однажды в Чукурова" 20:30 "Кешкі жаңалықтар" 21:00 "Вечерние новости" 21:30 "Гадалка" 23:30 "Отдай мою мечту" 01:30 "Спасти Веру" 03:00 "Последнее лето" 04:30 "Тоғжан" 06:05 "Кешкі жаңалықтар"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 Творческий вечер Секен Тұрысбек 08:00 "COVER SHOW" 10:00 "Келінжан" 13:00 "ОйнаIQ" 14:00 "Барбоскины" 15:30 "Райское место" 19:00 Новости 19:30 Жаңалықтар 20:00 "Тракторшының махаббаты" 21:00 "Ар алдында" 23:00 "Jan syrym". Концерт Құрмаш Маханов

ASTANA TV

06:00 "Қолымнан ұста" 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 11:20 "Аппақ келін" 12:00 Кино 14:00 "Зу-Зу Күлпаш" 15:15 "Қолымнан ұста" 17:30 "Құйынды мекен" 19:00 "ASTANATIMES" 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 "Сөнбеген жалын" 00:00 "Любовь Веры"

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 "Тойхана" 06:22 "Ауыл мұғалімі" 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 10:00 "Тәуіп Хо Жун" 11:20 Телесериал 12:40 Жұлдыздар шеруі 13:30 "Қайсар жүрек" 15:00 Көркем фильм 17:00 Телесериал 18:00 Жаңалықтар 18:30 Телесериал 19:30 Новости 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:00 "Тәуіп Хо Жун" 01:10 Жаңалықтар 01:35 Новости 02:00 Телесериал 04:50 Гүл-гүл шоу 05:00 Жаңалықтар 05:25 Новости

8 шілде, Сәрсенбі

QAZAQSTAN

05:30 Әнұран 05:40 Ақпарат 06:10 "Шабдалы, 18" 07:00 "TAŃSHOLPAN" 09:00 "Мың уәде" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Қызық екен..." 12:50 "Жалған өмір" 13:55 "Қазақ жокейі" 14:30 "Желідегі тұзақ" 14:45 "Сағындырған әндер-ай!" 15:35 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 15:55 "Бір үйдің балалары" 17:00 Ақпарат 17:20 "Қазір айтайық" 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 Ақпарат 20:30 "Гүлдер сыры" 21:25 "Бір үйдің балалары" 22:20 "Ашық алаң" 23:10 "1001 түн" 00:10 Ақпарат 00:40 "Қазір айтайық" 01:30 "Ашық алаң" 02:25 "Қызық екен..." 03:10 "Шабдалы, 18"

ЕВРАЗИЯ

06:00 "П@УТІNA" 07:15 Жаңалықтар 07:25 "KÓREMIZ-ШОУ" 08:25 Новости 08:40 "Принц Сибири" 09:45 Жаңалықтар 09:55 "Там, где не бывает снега" 11:00 Новости 11:15 "Жить здорово" 12:20 "Давай поженимся!" 13:20 "Модный приговор" 14:10 Жаңалықтар 14:25 Новости 14:30 "QOSLIKE" 18:30 Басты жаңалықтар 19:00 "KÓREMIZ-ШОУ" 20:00 Главные новости 20:35 "Улицы разбитых фонарей 16" 01:10 Главные новости 01:50 "Между нами химия" 03:00 Басты жаңалықтар 03:45 "П@УТІNA"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Қазақстандағы ішкі туризм" 06:30 "Қара шаңырақ" 07:00 "Разбудильник" 09:00 РТН 09:30 "Спорт – басты назарда" 09:50 "Біздің адамдар" 10:00 "Жаңалықтар" 10:30 "Көкейтесті сұхбат" 11:00 "Өмір ағымы" 13:00 "Ұлы дала тұлғалары" 13:30 "Абай" 14:00 Телесериал 15:00 "Сәтті күн" 16:00 "Жүректен жүрекке" 17:00 Телесериал 18:00 Телехикаясы 19:00 "Жаңалықтар" 19:25 "Қылмыстық іс" 19:35 "Көкейтесті сұхбат" 20:00 РТН 20:30 "Көкейтесті сұхбат" 21:00 Телесериал 22:00 РТН 22:30 "Менің мамандығым" 23:00 "Жаңалықтар" 23:25 "Қылмыстық іс" 23:35 "Көкейтесті сұхбат" 23:55 "Қазақ даласының құпиялары" 00:20 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Құрақ көрпе"

НТК

07:00 "Разминка" 07:15 "Достық 99" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Щенячий патруль" 09:40 "Жұмбақ қыз" 11:30 "Маугли дикой планеты" 13:30 "Запретный Китай" 14:50 "S.W.A.T.: Спецназ города ангелов" 16:00 "Уральские пельмени" 16:50 "Однажды в России" 17:30 "Детоксикация" 19:30 "S.W.A.T.: Спецназ города ангелов" 20:30 "Дочь болотного царя" 22:30 "ЖБ" 00:00 "Қатыгез Ыстамбұл" 00:50 "Жаңа казахи" 01:30 "Қызық LIVE" 02:10 "Ұ-NIGHT SHOW" 03:30 "INSTA TV" 04:00-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Кешкі жаңалықтар" 07:30 "Әнім сен едің" 08:20 "Тоғжан" 10:00 "Вечерние новости" 10:30 "Последнее лето" 12:20 "Отдай мою мечту" 14:30 "Гадалка" 16:30 "Спасти Веру" 18:30 "Рамо" 20:30 "Кешкі жаңалықтар" 21:00 "Вечерние новости" 21:30 "Гадалка" 23:30 "Отдай мою мечту" 01:30 "Спасти Веру" 03:00 "Последнее лето" 04:30 "Тоғжан" 06:05 "Кешкі жаңалықтар"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 "Jan syrym". Концерт Құрмаш Маханов 08:00 "COVER SHOW" 10:00 "Келінжан" 13:00 "ОйнаIQ" 14:00 "Барбоскины" 15:00 "Өзекті" 15:30 "Райское место" 19:00 Новости 19:30 Жаңалықтар 20:00 "Тракторшының махаббаты" 21:00 "Ар алдында" 23:00 "Арқада салған ән қандай...". Концерт Роза Әлқожа

ASTANA TV

06:00 "Қолымнан ұста" 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 11:20 "Аппақ келін" 12:00 Кино 14:00 "Зу-Зу Күлпаш" 15:15 "Қолымнан ұста" 17:30 "Құйынды мекен" 19:00 "ASTANATIMES" 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 "Сөнбеген жалын" 00:00 "Любовь Веры"

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 "Тойхана" 06:22 "Ауыл мұғалімі" 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 10:00 "Тәуіп Хо Жун" 11:20 Телесериал 12:40 Жұлдыздар шеруі 13:30 "Қайсар жүрек" 15:00 Художественный фильм 17:00 Телесериал 18:00 Жаңалықтар 18:30 Телесериал 19:30 Новости 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:00 "Тәуіп Хо Жун" 01:10 Жаңалықтар 01:35 Новости 02:00 Телесериал 04:50 Гүл-гүл шоу 05:00 Жаңалықтар 05:25 Новости

9 шілде, Бейсенбі

QAZAQSTAN

05:30 Әнұран 05:35 Ақпарат 06:10 "Шабдалы, 18" 07:00 "TAŃSHOLPAN" 09:00 "Мың уәде" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Қызық екен..." 12:50 "Жалған өмір" 13:55 "PRIME ERA" 14:20 "Таза сана" 14:55 "Сағындырған әндер-ай!" 15:55 "Бір үйдің балалары" 17:00 Ақпарат 17:20 "Қазір айтайық" 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 Ақпарат 20:25 Ақша әліппесі 20:30 "Әулет құпиясы" 21:25 "Бір үйдің балалары" 22:20 "Ашық алаң" 23:10 "Көңіл толқыны" 23:50 Футбол. УЕФА Конференция лигасы. Іріктеу кезеңі. "Динамо Сити" (Албания) - "Астана" (Қазақстан) 02:00 Ақпарат 02:25 Ақша әліппесі 02:35 "Қазір айтайық" 03:25 "Ашық алаң"

ЕВРАЗИЯ

06:00 "П@УТІNA" 07:15 Жаңалықтар 07:25 "KÓREMIZ-ШОУ" 08:25 Новости 08:40 "Принц Сибири" 09:45 Жаңалықтар 09:55 "Там, где не бывает снега" 11:00 Новости 11:15 "Жить здорово" 12:20 "Давай поженимся!" 13:20 "Модный приговор" 14:10 Жаңалықтар 14:25 Новости 14:30 "QOSLIKE" 18:30 Басты жаңалықтар 19:00 "KÓREMIZ-ШОУ" 20:00 Главные новости 20:35 "Улицы разбитых фонарей 16" 01:10 Главные новости 01:50 "Между нами химия" 03:15 Басты жаңалықтар 03:45 "П@УТІNA"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Қазақстандағы ішкі туризм" 06:30 "Қара шаңырақ" 07:00 "Разбудильник" 09:00 РТН 09:30 "Спорт – басты назарда" 09:50 "Біздің адамдар" 10:00 "Жаңалықтар" 10:30 "Көкейтесті сұхбат" 11:00 "Өмір ағымы" 13:00 "Ұлы дала тұлғалары" 13:30 "Абай" 14:00 Телесериал 15:00 "Сәтті күн" 16:00 "Жүректен жүрекке" 17:00 Телесериал 18:00 Телехикаясы 19:00 "Жаңалықтар" 19:25 "Көкейтесті сұхбат" 20:00 РТН 20:30 "Көкейтесті сұхбат" 21:05 Телесериал 22:00 РТН 22:30 "Менің мамандығым" 23:00 "Жаңалықтар" 23:30 "Көкейтесті сұхбат" 23:50 "Қазақ даласының құпиялары" 00:10 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Құрақ көрпе"

НТК

07:00 "Разминка" 07:15 "Достық 99" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Щенячий патруль" 09:50 "Маугли дикой планеты" 11:30 "Затерянный мир" 13:30 "Мир наизнанку. Вьетнам" 14:50 "S.W.A.T.: Спецназ города ангелов" 16:00 "Уральские пельмени" 16:50 "Однажды в России" 17:30 "Дочь болотного царя" 19:30 "S.W.A.T.: Спецназ города ангелов" 20:30 "Меркурий в опасности" 22:40 "ЖБ" 00:00 "Қатыгез Ыстамбұл" 00:50 "Жаңа казахи" 01:30 "Қызық LIVE" 02:10 "Ұ-NIGHT SHOW" 03:30 "INSTA TV" 04:00-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Кешкі жаңалықтар" 07:30 "Әнім сен едің" 08:20 "Тоғжан" 10:00 "Вечерние новости" 10:30 "Последнее лето" 12:20 "Отдай мою мечту" 14:30 "Гадалка" 16:30 "Спасти Веру" 18:30 "Рамо" 20:30 "Кешкі жаңалықтар" 21:00 "Вечерние новости" 21:30 "Гадалка" 23:30 "Отдай мою мечту" 01:30 "Спасти Веру" 03:00 "Последнее лето" 04:30 "Тоғжан" 06:05 "Кешкі жаңалықтар"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 "Арқада салған ән қандай...". Концерт Роза Әлқожа 08:00 "COVER SHOW" 10:00 "Келінжан" 13:00 "ОйнаIQ" 14:00 "Барбоскины" 15:00 "Өзекті" 15:30 "Райское место" 19:00 Новости 19:30 Жаңалықтар 20:00 "Тракторшының махаббаты" 21:00 "Ар алдында" 23:00 "Елімнің бір еркесі мен боламын". Концерт Тамара Асар

ASTANA TV

06:00 "Қолымнан ұста" 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 11:20 "Аппақ келін" 12:00 Кино 14:00 "Зу-Зу Күлпаш" 15:15 "Қолымнан ұста" 17:30 "Құйынды мекен" 19:00 "ASTANATIMES" 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 "Сөнбеген жалын" 00:00 "Любовь Веры"

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 "Тойхана" 06:22 "Ауыл мұғалімі" 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 10:00 "Тәуіп Хо Жун" 11:20 Телесериал 12:40 Жұлдыздар шеруі 13:30 "Қайсар жүрек" 15:00 Художественный фильм 17:00 Телесериал 18:00 Жаңалықтар 18:30 Телесериал 19:30 Новости 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:00 "Тәуіп Хо Жун" 01:10 Жаңалықтар 01:35 Новости 02:00 Телесериал 04:50 Гүл-гүл шоу 05:00 Жаңалықтар 05:25 Новости

10 шілде, Жұма

QAZAQSTAN

05:30 Әнұран 05:35 Ақпарат 06:10 "Шабдалы, 18" 07:00 "TAŃSHOLPAN" 09:00 "Мың уәде" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Қызық екен..." 12:50 "Жалған өмір" 13:55 "H2O: тіршілік формуласы" 14:10 "QAZAQ CREATIVE" 14:40 "Сағындырған әндер-ай!" 15:35 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 15:55 "Бір үйдің балалары" 17:00 Ақпарат 17:20 "Қазір айтайық" 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 Ақпарат 20:30 "Әулет құпиясы" 21:25 "Бір үйдің балалары" 22:20 "Ашық алаң" 23:10 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 23:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/4 финал 02:00 Ақпарат 02:30 "Қазір айтайық" 03:20 "Ашық алаң"

ЕВРАЗИЯ

06:00 "П@УТІNA" 07:15 Жаңалықтар 07:25 "KÓREMIZ-ШОУ" 08:25 Новости 08:40 "Принц Сибири" 09:45 Жаңалықтар 09:55 "Там, где не бывает снега" 11:00 Новости 11:15 "Жить здорово" 12:20 "Давай поженимся!" 13:20 "Модный приговор" 14:10 Жаңалықтар 14:25 Новости 14:30 "QOSLIKE" 18:30 Басты жаңалықтар 19:00 "KÓREMIZ-ШОУ" 20:00 Главные новости 20:30 "Поле чудес" 22:00 "Таёжный детектив 4. Живая вода" 02:30 Басты жаңалықтар 03:00 "Падение ордена" 03:45 "П@УТІNA"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Қазақстандағы ішкі туризм" 06:30 "Қара шаңырақ" 07:00 "Разбудильник" 09:00 РТН 09:25 "Спорт – басты назарда" 09:50 "Біздің адамдар" 10:00 "Жаңалықтар" 10:30 "Көкейтесті сұхбат" 11:00 "Өмір ағымы" 13:00 "Ұлы дала тұлғалары" 13:30 "Абай" 14:00 "Взгляд из-под чалмы" 15:00 "Сәтті күн" 16:00 "Жүректен жүрекке" 17:00 Телесериал 18:00 Телехикаясы 19:00 "Жаңалықтар" 19:25 "Көкейтесті сұхбат" 20:00 РТН 20:30 "Көкейтесті сұхбат" 21:00 Телесериал 22:00 РТН 22:30 "Менің мамандығым" 23:00 "Жаңалықтар" 23:30 "Көкейтесті сұхбат" 23:50 "Қазақ даласының құпиялары" 00:10 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Құрақ көрпе"

НТК

07:00 "Разминка" 07:15 "Достық 99" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Щенячий патруль" 09:30 "Затерянный мир" 11:30 "Приключения Десперо" 13:30 "Мир наизнанку. Вьетнам" 14:50 "S.W.A.T.: Спецназ города ангелов" 16:00 "Меркурий в опасности" 18:20 "Высокое напряжение" 20:40 "Гонщики на драйве" 23:00 "ЖБ" 00:50 "Қатыгез Ыстамбұл" 01:40 "Жаңа казахи" 02:20 "Қызық LIVE" 03:00 "Ұ-NIGHT SHOW" 03:40 "INSTA TV" 04:00-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Кешкі жаңалықтар" 07:30 "Әнім сен едің" 08:20 "Тоғжан" 10:00 "Вечерние новости" 10:30 "Последнее лето" 12:20 "Отдай мою мечту" 14:30 "Гадалка" 16:30 "Спасти Веру" 18:30 "Рамо" 20:30 "Кешкі жаңалықтар" 21:00 "Вечерние новости" 21:30 "Честная игра" 00:50 "Спасти Веру" 02:20 "Последнее лето" 03:50 "Тоғжан" 05:20 "Әнім сен едің" 06:05 "Кешкі жаңалықтар"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 "Елімнің бір еркесі мен боламын". Концерт Тамара Асар 08:00 "COVER SHOW" 10:00 "Келінжан" 13:00 "ОйнаIQ" 14:00 "Барбоскины" 15:30 "Райское место" 19:00 Новости 19:30 Жаңалықтар 20:00 "Тракторшының махаббаты" 21:00 "Ар алдында" 22:00 "Қоғам пікірі" 23:00 "Жұлдызым". Концерт Мадина Садвакасова

ASTANA TV

06:00 "Қолымнан ұста" 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 11:20 "Қолтаңба" 11:40 Кино 14:00 "Зу-Зу Күлпаш" 15:15 "Қолымнан ұста" 17:30 "Құйынды мекен" 19:00 "ASTANATIMES" 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 "Сөнбеген жалын" 00:00 "Любовь Веры"

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 "Тойхана" 06:22 "Ауыл мұғалімі" 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 10:00 "Тәуіп Хо Жун" 11:20 Телесериал 12:40 Жұлдыздар шеруі 13:30 "Қайсар жүрек" 15:00 Художественный фильм 17:00 Телесериал 18:00 Жаңалықтар 18:30 Телесериал 19:30 Новости 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:00 "Тәуіп Хо Жун" 01:10 Жаңалықтар 01:35 Новости 02:00 Телесериал 04:50 Гүл-гүл шоу 05:00 Жаңалықтар 05:25 Новости

11 шілде, Сенбі

QAZAQSTAN

05:30 Әнұран 05:35 Ақпарат 06:05 "Ауылдастар" 06:30 "Шабдалы, 18" 08:05 "Ұлытау ұлт ұясы" 08:30 "Біздің ән" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Ізгілік формуласы" 12:20 "Ұлытау ұлы" 14:45 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 15:05 "Ғажайып саяхат" 16:20 "Бесбармақ" 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 Ақпарат 20:15 "Дрондар дәуірі" 20:30 "Әулет құпиясы" 21:25 "Қайырлы кеш!" 23:05 "Ип Ман 2" 01:15 Ақпарат 01:30 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 01:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/4 финал

ЕВРАЗИЯ

06:00 "ҚАЙМАҚ" 06:35 Главные новости 07:05 "Дела житейские 3" 11:05 "Поле чудес" 12:40 "Ауыл мұғалімі" 15:00 "QOSLIKE" 17:45 "Ыстық ұя" 20:05 "Арал қайта оралған үміт" 20:30 "Сильная женщина" 01:05 "Горько" 03:20 "Падение ордена" 04:00 "ҚАЙМАҚ"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Өмір ағымы" 08:00 "Жаңалықтар" 08:25 "Көкейтесті сұхбат" 09:00 РТН 09:30 "Наша ретроспектива" 09:50 "ErkeLife" 10:30 "От первого лица" 11:00 Телехикаясы 12:00 "Ұлы дала тұлғалары" 12:30 "Будьте здоровы!" 13:00 Телесериал 14:40 "Спорт – басты назарда" 15:00 Телехикаясы 18:00 Телехикаясы 19:00 "Точка зрения" с Евгением Шибаршиным 20:00 Телесериал 22:00 "Беу, туған жер" 22:45 "Құрақ көрпе" 23:20 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Қарапайым - Ханшайым"

НТК

07:00 "Ең күлкілі әртистер" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Вспыш и чудо-машинки" 10:20 "Приключения Десперо" 12:20 "Тафити. Приключения на краю света" 14:00 "Тойхана" 15:50 "Гонщики на драйве" 18:20 "Веном 2" 20:00 "Конг: Остров черепа" 22:00 "SHEKER. Последний шанс" 01:10 "Қатыгез Ыстамбұл" 02:00 "Қызық LIVE" 02:40 "Талантым тағдырым" 04:00 "INSTA TV" 04:20-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Әнім сен едің" 08:20 "Было дело" 10:00 "Вечерние новости" 10:30 Концерт "Қазақтың жігіттері" Ернар Айдар 13:30 "Однажды в Чукурова" 17:30 "Честная игра" 21:00 "Вспомнить себя" 00:40 "Было дело" 02:30 Концерт "Қазақтың жігіттері" Ернар Айдар 04:50 "Әнім сен едің"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 "Жұлдызым". Концерт Мадина Садвакасова 08:00 "COVER SHOW" 10:00 "Белка и Стрелка: Карибская тайна" 11:15 "Барбоскины" 12:00 "Батыр из прошлого" 14:00 "XXI ғасыр көшбасшысы" 15:15 "Қызық TIMES" 16:30 "Келінжан" 19:00 "7 күн" 19:40 Жұмыр жер 20:00 "COVER SHOW" 22:00 "В погоне за счастьем" 00:00 "Дүлдүлдер дүбірі"

ASTANA TV

06:00 "Алдараспан" 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 11:30 Кино 13:00 Кино 14:30 "Шымкент ШОУ" 17:10 "Зу-Зу Күлпаш 4" 18:00 "Ағайынды алтаумыз" 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 "Сөнбеген жалын" 00:00 Кино

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 Әзілің жарасса 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 09:50 Телесериал 13:30 "Аман бол" 14:50 "Жетінші студия" 16:10 Көркем фильм 18:00 Телесериал 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:10 Шымкент ШОУ 02:40 Телесериал 05:30 Гүл-гүл шоу

12 шілде, Жексенбі

QAZAQSTAN

05:30 Әнұран 05:35 "Көңіл толқыны" 05:50 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. 1/4 финал 08:00 "Қазақ жокейі" 08:40 "Көңіл толқыны" 10:00 "Сезім мен серт" 12:00 "Қайырлы кеш!" 13:50 "Ғажайып саяхат" 15:05 Футбол. FIFA WORLD CUP 2026. Әлем чемпионаты ойындарының шолуы 15:30 "Ип Ман 2" 17:40 "Ақорда" 18:00 "Сезім мен серт" 20:00 "Алтын орда. Ұлық ұлыс" 20:30 "Әулет құпиясы" 21:25 "Бесбармақ" 23:00 "Біздің елдің жігіттері" 00:50 "Таза сана" 01:25 "Шабдалы, 18" 03:00 "Інжу-маржан"

ЕВРАЗИЯ

06:00 "ҚАЙМАҚ" 06:40 "П@УТІNA" 07:40 "Сильная женщина" 12:00 "Ауыл мұғалімі" 14:20 "DASTARXAH" 16:05 "Достояние республики". Сосо Павлиашвили 18:30 "Три дня на любовь" 20:50 "Анықтаймыз. Руслан Өтепбаймен" 21:50 "Алмазная корона" 02:40 "Скрытые мотивы"

АЛАУ информационный портал

06:00 "Өмір ағымы" 08:00 "Дәмдес болайық" 08:30 "Ұлы даланың көне шаһарлары" 09:00 "ErkeLife" 09:40 "Взгляд из-под чалмы" 10:30 "Менің мамандығым" 10:45 "Жәдігерлер құпиясы" 11:00 Телехикаясы 12:00 "Точка зрения" с Евгением Шибаршиным 13:00 Телесериал 14:40 "Ұлы дала тұлғалары" 15:00 Телехикаясы 17:30 "Күн тақырыбы" 18:00 Телехикаясы 19:00 "РТН. Подробности" 19:35 "За Победу!" 20:00 Телесериал 22:00 "Беу, туған жер" 22:45 "Құрақ көрпе" 23:20 Телехикаясы 02:20 "Беу, туған жер" 03:00 "Өмір ағымы" 05:00 "Қарапайым - Ханшайым"

НТК

07:00 "Ең күлкілі әртистер" 07:40 "Қатыгез Ыстамбұл" 08:30 "INSTA LIKE" 09:00 "Вспыш и чудо-машинки" 10:00 "Тафити. Приключения на краю света" 11:30 "Баг Бой" 13:20 "Пришельцы на чердаке" 15:30 "Веном 2" 17:30 "Конг: Остров черепа" 19:50 "Высокое напряжение" 22:00 "Обитель зла 4: Жизнь после смерти" 00:00 "Қатыгез Ыстамбұл" 00:50 "Қызық LIVE" 01:30 "Талантым тағдырым" 03:00 "Ұ-NIGHT SHOW" 03:40 "INSTA TV" 04:00-05:00 "Екі езу"

КТК

07:00 ҚР Әнұраны 07:05 "Әнім сен едің" 08:20 "Было дело" 10:00 "Алдараспан" 13:30 "Однажды в Чукурова" 17:30 "Вспомнить себя" 21:00 "Брат или брак 3" 23:00 "Было дело" 01:00 "Реальная мистика" 02:50 Концерт Қуандық Рахым 04:50 "Әнім сен едің"

ХАБАР

05:00 "Әке бақыты" 05:45 "Маңдай тер" 06:45 Концерт 08:00 "COVER SHOW" 09:40 "Азамат" 10:45 "В погоне за счастьем" 13:00 "Кролик Питер 2" 14:20 "Келінжан" 18:40 "Жат ағым жетегінде" 19:00 "7 күн" 19:40 Глобальные события 20:00 "Қызық TIMES" 21:15 "Испанский английский" 23:45 "Дүлдүлдер дүбірі"

ASTANA TV

06:00 "Шымкент ШОУ" 08:00 "Жаралы жүрек" 10:10 "Үкім 2" 12:00 "Аппақ келін 2" 14:30 Кино 16:00 Кино 18:00 Кино 20:00 "Үкім 2" 21:00 "Жаралы жүрек" 22:50 "Сөнбеген жалын" 00:00 Кино

7 ЖЕТІНШІ АРНА

06:00 Әнұраны 06:02 Әзілің жарасса 07:10 "Үзілген жапырақтар" 08:00 "Жетімдер" 09:50 Телесериал 13:30 "Аман бол" 14:50 "Жетінші студия" 16:10 Художественный фильм 18:10 Телесериал 20:00 "Жар - птицы" 22:00 "Далекий город" 23:00 "Үзілген жапырақтар" 00:10 Шымкент ШОУ 02:40 Телесериал 05:30 Гүл-гүл шоу

Елордамен бірге сейген өнерпаз

Елорда – талай таланттың тағдырын өзгерткен, өнерге қанат бітірген шаһар. Бас қаланың қалыптасу кезеңінде оның мәдени өміріне үлес қосқан өнер адамдарының еңбегі аз емес. Сондай жанның бірі – жерлесіміз танымал әнші, композитор Медет Шайкелов. Ол Астанаға 2000 жылы қоныс аударып, шығармашылық жолының ең маңызды белестерін осы қалада өткерді. Елорданың алғашқы тыныс-тіршілігіне куә болған өнерпаз бүгінде де сахнадан қол үзбей келеді. Астана күні қарсаңында әншімен сұхбаттасып, шығармашылық жолы, елордадағы алғашқы жылдары және өнердегі естеліктері жайында әңгімелескен едік.



– Сіздің шығармашылық жолыңыз қалай басталды?

– Менің шығармашылық жолым бала күнімнен басталды. Мектеп қабырғасында жүріп ән айтып, түрлі байқауларға қатыстым. Ол кезде қазіргі фестивальдер секілді аудандық, облыстық слеттер өтетін. Біз Амангелді ауданының Шөптікөл ауылында тұрдық. Сол жерден Амангелдідегі өнер байқауларына қатысып, сахнаға шыға бастадым. Сол кезден өнерге деген сүйіспеншілігім оянды. 1995 жылы отбасымызбен Арқалық қаласына көштік. Арқалық педагогикалық институтында, қазіргі университетте білім алдым. Студенттік жылдары алғаш рет Yamaha аспабының сүйемелдеуімен Дәрібаевтардың репертуарындағы әндерді орындадым. Сол орта шығармашылыққа деген құлшынысымды бұрынғыдан да арттырды. 1996 жылы Торғай облысында өткен «Шанс плюс Шанс» облыстық байқауында бас жүлдені жеңіп алып, Алматыдағы «Музыкалық вояж» бағдарламасына жолдама алдым. Кейін 1999 жылы Арқалық педагогикалық институтын тәмамдадым. Төртінші курста оқып жүрген кезімде Арқалық қазақ драма театрында актер әрі әнші болып еңбек еттім.

– Астанамен алғашқы таныстығыңыз қалай болды?

– Сол жылы «Шабыт» республикалық шығармашыл жастар фестиваліне қатысып, Астанаға алғаш рет келдім. Сол жерде марқұм әнші Талғат Кеңесханов ағамызбен таныстым. Кейін оның шақыруымен Дәурен Сейітжанов, Павлодардан Динара Тоқтарова, Шымкенттен Нұрғали Тұрлыбеков, Мейіржан Әлиақпаров және басқа да жас өнерпаздармен бірге елордаға жиналдық. Ол кезде Тұрсынбек Қабатов, Қайрат Байекенов, «Дос» тобының әншілері – бәріміз «Шабыттың» түлектері едік. Сол ортада танысып, шығармашылық байланысымыз нығайды. 2000 жылы Астанаға біржола қоныс аудардым. Ол кездегі елорда қазіргі Астанамен салыстыруға келмейді. Халқы аз, шағын ғана қала еді. Біз төрт жігіт болып филармонияның жатақханасында тұрдық. Сол жылы «Жас қанат» байқауына қатысып, жүлделі орындардың бірін иелендім. Осы байқаудан кейін шығармашылық жолым жаңа белеске көтерілді. Астанадағы Қазақ драма театрында алғашқы жеке концертімді жанды дауыста өткіздім. 2003 жылы «Астана» телеарнасының кастингінен өтіп, редактор әрі тележүргізуші болып жұмысқа орналастым. 2003-2004 жылдары Алматыға шақырту алып, «Гүлдер» ансамблінде бір жылдай әнші-солист болып еңбек еттім. 2005 жылы қайтадан Астанаға оралып, отбасын құрдым. Содан бері елордада түрлі концерттерге, мәдени іс-шараларға, той-мерекелерге қатысып келемін.

– Телевидение мен продюсерлік саладағы қызметіңіз туралы да айтып өтсеңіз.

– 2007 жылы «Қазақстан» ұлттық арнасына продюсерлік қызметке шақырылдым. Кейін «МузАРТ» ансамблінің «Өнеге» продюсерлік орталығында еңбек еттім. Ол жерде Қайрат Түнтеков, «Мақсат» дуэті, «Асыл» вокалдық-инструменталдық тобы және басқа да өнерпаздармен бірге жұмыс істедік. «МузАРТ»-тың концерттік бағдарламасымен еліміздің оңтүстік өңірлерін аралап шықтық. 2008-2009 жылдары қайтадан Астанаға оралып, «Астана» телеарнасында музыкалық продюсер әрі таңғы бағдарламаның жүргізушісі қызметін атқардым. Сондай-ақ өзімнің жарты сағаттық музыкалық бағдарламам эфирге шықты. Осы жылдары екі жеке альбомым жарық көрді. Қазір репертуарымда қырық-елуден астам ән бар.

– Өнер жолында сізге қолдау көрсеткен жандар туралы айтып берсеңіз.

– Өнердегі жолымыздың ашылуына қолдау көрсеткен ағаларымыз аз емес. Нұрбол Байзиров, Мұхтар Махамбетов, Сапар Ысқақов сынды азаматтар бізге көп қамқорлық жасады. Роза Қуанышқызының қолдауын көрдік. Оның директоры Жанна Сабирова мен музыка өндеуші Руслан Бутабаев репертуарыма көптеген қазақы әндерді қосты.

«Жас қанаттан» кейін марқұм Жанат Қабылдаұлы ағамыз радиода біздің әндерімізді жиі беріп, үлкен қолдау көрсетті. Сол жылдары қазақы әндер арқылы жаңадан бой көтеріп келе жатқан елорданың рухани тынысына өз үлесімізді қостық деп ойлаймын.

– Өзіңіз ерекше құрметпен еске алатын өнер адамдарының бірі – Нұрикамал Сейтжанқызы...

– Иә, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, марқұм Нұрикамал Сейтжанқызына алғысым зор. Ол кісінің қамқорлығы мен ақыл-кеңесі маған үлкен демеу болды. Нұрикамал апамызбен, Ақмола облысының «Он алты қыз» би ансамблімен бірге шетел сахналарында өнер көрсетіп, қазақ мәдениетін насихаттаудың сәті түсті. Осындай тұлғамен бірге еңбек еткенімді әрдайым мақтан тұтамын. Жаны жәннатта болсын, өнерге сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Хореограф Бархат Төкейқызымен бірге Түркияның Стамбұл қаласында, Ресейдің бірнеше өңірінде өнер көрсетіп қайттық.

– Қазіргі шығармашылығыңызда туған өлкенің сазгерлерінің әндері де бар екен.

– Иә, қазіргі репертуарымда жерлес ағаларымыз Бақытжан Сәукеновтің, Алтай Сейітқасымовтың және басқа да Торғай өңірінен шыққан сазгерлердің әндері бар.

– Сіз үшін Астана нені білдіреді?

– Астана менің шығармашылық өмірімде ерекше орын алады. Барлық еңбек жолым, қалыптасу кезеңім осы қалада өтті. Осында отбасы құрдым. Бүгінде үш бала тәрбиелеп отырмыз. Сахнадан қол үзген жоқпыз. Тұрсынбек Қабатовтың концертіне қатысамын. Одан кейін Астана күніне арналған мерекелік бағдарламалар мен қала күндеріндегі концерттерге шығамын.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан – Сералы МЫРЗАБАЙ

тазалық науқанында

Мұрат ЖҰНІСҰЛЫ

Арқалық жылу энергетика компаниясы (АЖЭК) «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық науқанының қысы-жазы белсенді қатысушысы.

Кәсіпорын өздеріне бекітілген аумақтарда, яғни Горбачев және Қайырбеков көшелерінің бойында қоқыс жинап қана қоймай, қажеттілігіне қарай әктеу, сырлау жұмыстарын да қоса жүргізеді. Мысалы, мекеме күшімен қаланың су тазарту қондырғысының қоршауы жаңа кейіпке ие болуда. Қайырбеков көшесі, 25 мекенжайында орналасқан АЖЭК кәсіпорынның бас кеңсесінің қоршаулары боялып, қураған ағаштар кесіліп, абаттандыру жұмыстары атқарылу үстінде.

Қазіргі уақытта қалада Қайырбеков көшесі бойында көп қабатты тұрғын үйлердің қасбетін жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Теміржол вокзалы қайта құрылып, маңайы абаттандырылуда. Бір айта кетерлігі, айналасының бәрі көркейген мекеме бас ғимаратының қасбеті жөндеуді қажет ететіні байқалып қалды.

Мекеменің баспасөз хатшысы Виталий Саяпиннің айтуынша, оны өз бетінше атқаруға компанияның қаражаты жетпейді. «Егер осы іске демеушілік тарапынан мүмкіндік болып жатса, құптарлық болар еді», – дейді ол.

Арқалық қаласы

Еске алу

Аяулы анамыз **Сәуле ТӨЛЕУҚЫЗЫ** тірі болғанда 5 шілде күні 65 жасқа толар еді. Ортамыздан алыстағанына да биыл он жылдан асыпты.

Ардақты анамыз бүкіл ғұмырын жас ұрпаққа тәрбие беруге арнады. Анамызды еске алғанда, ең алдымен оның әрқашан жақсылықты дәріптеп жүретін ақкөңіл, ашық-жарқын мінезі мен аналық қамқорлығы көз алдымызға келеді. Еңбегімен ел есінде қалған, тумысынан тәрбиеші, тәлімгер, ұлағатты ұстаз болған анамыз қаншама шәкіртін үлкен өмірге қанат қақтырды. Өмірінің соңғы күндеріне дейін, тіпті ауырып жүрсе де, Тәуіш бастауыш мектебінде ұстаздық қызметін адал атқарды.

Анамыздың ерекше қасиеттерін туған-туыстары ғана емес, барша ауылдасы да әлі күнге дейін құрметпен еске алып отырады. Амал нешік, бәрі Алланың жазуы. Бүгінде біздің қолымыздан келетіні – анамызға дұға бағыштап, оның ізгі істерін насихаттап отыру. Алла Тағала оқылған дұғаларымызды қабыл етіп, анамыздың жанын жұмақтан қылғай!

Еске алушылар:
жұбайы, ұл-қыздары және немерелері

Жарнама
54–67–65, 54–99–88

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қостанай жылу энергетикалық компаниясы» МКК заңда белгіленген тәртіппен тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп жүргізеді.

Есеп **2026 жылғы 27 шілдеде сағат 14-00-де** Қостанай қаласы, Бородин көшесі, 231, үшінші қабат, акт залы мекенжайы бойынша «ҚЖЭК»МКК әкімшілік ғимаратында өтеді.

«ҚЖЭК» МКК әкімшілігі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП «Костанайская теплоэнергетическая компания», в установленном законом порядке, проводит отчет перед потребителями и иными заинтересованными лицами об исполнении утвержденной тарифной сметы, утвержденной инвестиционной программы по предоставляемой регулируемой услуге по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией по итогам 1 полугодия 2026 года.

Отчет состоится **27 июля 2026 года в 14-00 часов** в административном здании ГКП «КТЭК» по адресу: г. Костанай, ул. Бородина, 231, третий этаж, актовый зал.

Администрация ГКП «КТЭК»

2026 жылғы II тоқсанда жер учаскелерін алған тұлғалар тізімі

№	Жер пайдаланушының атауы	Жер учаскесін беру негіздемесі	Жер учаскесінің нысаналық мақсаты	Жер учаскесінің ауданы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Құқық түрі	Жалдау мерзімі
1	«Балғабаев» ЖШС	2026 жылғы 22 сәуірдегі № 112 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	«Жемелей» көлінде ас тұзын барлау және өндіруді жүргізу үшін	198,6	Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Павлов ауылдық округі	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану	2035 жылғы 31 қазанға дейін
2	«Атыгай Голд Майнинг» ЖШС	2026 жылғы 13 мамырдағы № 133 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	Атығай кен орнында (Ақсай) пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу мақсаттары үшін	343	Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Большевик ауылдық округі	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану	2034 жылғы 11 қаңтарға дейін
3	«Тарутинской» ЖШС	2026 жылғы 22 мамырдағы № 142 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	Шығыс-Тарутин кен орнында мыс-алтын кенді барлау және өндіру үшін	200,6	Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Боскөл ауылы (елді мекен шегінен тыс)	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану	2041 жылғы 21 мамырға дейін
4	«Житикара-камень» ЖШС	2026 жылғы 18 маусымдағы № 172 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	Жеті-Қара кен орнында граниттер өндіруді жүргізу үшін	30,7383	Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Тоқтаров ауылдық округі	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану	2036 жылғы 1 маусымға дейін

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Директор-Бас редактор қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-Бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Шеф-редактор: 54-67-65
Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42
Жарнама бөлімі: 54-33-22
Бухгалтерия: 54-99-88
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91
Амангелдіде: 8-700-725-98-09
Жангелдинде: 8-701-323-54-91

Беттеуші-дизайнер: Нұрсұлу Алмат.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.
А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.
«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, **№17374-Г** куәлігі берілді.
«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Офсеттік басылым. «**Полиграфия Қостанай**» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.

Нөмірдің кезекші редакторы: Қарлығаш ОСПАНОВА, Жандос ЖҮСІПБЕК **Тапсырыс:** 864 **Таралымы:** 3539

Жазғы демалыс – мектеп оқушылары үшін тынығатын ғана емес, өз қабілетін шыңдап, еңбекке араласып, алғашқы табысын табатын мүмкіндік. Әулиекөл ауданында Жастар еңбек жасақтарының жұмысқа белсене кірісіп кеткеніне айдан асты. Жазғы демалысты тек демалыс қана емес, өз өлкесін көркейтуге және алғашқы табысын табуға арнаған аудан жастары бүгінде үлкен істің басында жүр. Ауданда бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан жастар еңбек жасақтары биыл да сәтті жүзеге асты. Биыл да жүзге жуық жас ауданның көркеюіне өз үлесін қосып, еңбек арқылы өмірлік тәжірибе жинақтауда.

Жастық жігер, жарқын көңіл

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Биыл 90 бала қамтылады

Таңғы салқынмен жұмысқа кіріскен жасақ мүшелері саябақтар мен гүлзарларды тазалап, көшеттерді күтіп-баптап, қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға атсалысады. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл жұмыстар жастардың бойында жауапкершілік, тәртіп пен еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастырады.

Жастар ресурстық орталығының жастармен жұмыс жөніндегі маманы Нұргүл Сағынаеваның айтуынша, жастар еңбек жасақтары 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтарға арналған. Дегенмен қазіргі құрамның басым бөлігін 14–17 жас аралығындағы мектеп оқушылары құрайды.

– Былтыр аудан бойынша 65 жас еңбек жасақтарына қатысса, биыл олардың саны 90-ға жетті. Сонымен қатар Аманқарағай мен Құсмұрын ауылдарында да 15 баладан еңбек етіп жатыр. Жоба жаз мезгілінің үш айын қамтиды. Қатысқысы келетін жастар өте көп. Хабарландыру жарияланған сәттен-ақ бос орындар тез толып қалады. Сондықтан тіркелуге үлгергендер ғана қатысады, – дейді ол.

Жасақ мүшелері аудан аумағын абаттандырады. Көктемде егілген көшеттерді суарып, гүлдердің түбін қопсытады, арамшөптерін жұлады, саябақтар мен демалыс орындарын қоқыстан тазартады. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, ауыр дене күшін қажет ететін жұмыстарға тартылмайды.

– Он бес жасқа дейінгі балалар жарты күн ғана еңбек етеді. Апталық жұмыс уақыты толық болуы үшін жұма күні толық жұмыс күні ұйымдастырылады. Ал ауа райы қолайсыз болса, жастар коворкинг орталығында түрлі тренингтерге, танымдық және тәрбиелік іс-шараларға қатысады. Яғни олар тек еңбек етіп қана қоймай, өздерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік алады, – дейді маман.

Белсенді жастарды марапаттаймыз

Әр еңбек жасағының өз бригадирі бар. Олар жұмыс барысын үйлестіріп, қатысушылардың уақытын арнайы табельге белгілеп отырады. Еңбек тәртібін сақтап, жұмысты толық атқарған жастар ай сайын жалақы алады. 14-15 жастағы жасақшылар аптасына 24 сағат, 16-17 жастағылар 36 сағат, ал қалған 18 жастан жоғарылар 40 сағат еңбек етеді. Соған қарай жалақы да шығады. Жобаға қатысу үшін ата-анасының жазбаша келісімі қажет. Сонымен қатар әр бала бір ғана маусым еңбек етеді.

– Кейбір балалар бізге екінші, тіпті үшінші рет келгісі келеді. Бірақ жобаға қызығушылық өте жоғары болғандықтан, барынша жаңа қатысушыларды қамтуға тырысамыз. Маусым соңында еңбек жасақтарының жұмысы салтанатты түрде қорытындыланып, белсенді жастар аудан әкімінің Алғыс хаттарымен және сыйлықтармен марапатталады, – дейді Нұргүл Сағынаева.

Ауылымыздың көркеюіне пайдамызды тигізіп жатырмыз

Бізді қарсы алған жастар қатары өз ойларын жасырмай, ортаға салды. Жобаға қатысушылардың өзі де еңбек жасағының өміріне ерекше ықыласпен қарайды. Мысалы, мектеп оқушысы Бекзат Әлқожин екінші жыл еңбек етіп жүр.

– Таңертең келіп, түске дейін жұмыс істейміз. Жұмыс аса қиын емес. Достарыммен бірге еңбек етіп, жақсы көңіл күйде уақыт өткіземіз. Өз еңбегіммен тапқан ақшаға мектепке қажетті заттарымды аламын. Бұл адамды жауапкершілікке үйретеді, – дейді ол.

Ал 9-сынып оқушысы Дилнұр да еңбек жасағының белсенді мүшелерінің бірі.

– Өзім білімге құштар балаларға арналған Назарбаев Зияткерлік мектебінде (НИШ) оқимын. Бірақ отбасым осы Әулиекөлде тұрады. Жазғы демалыста үйде бос отырғым келмеді. Сондықтан екінші жыл қатарынан осы жасақтың құрамына қосылдым. Мұнда бәрі ұнайды. Ұжымымыз өте ұйымшыл. Әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Жазды бос өткізбей, пайдалы еңбекпен айналысқан дұрыс деп ойлаймын, – дейді ол.

Биыл алғаш рет еңбек жасағына қосылған С.Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы Әли Нұрәлі де алған әсерін бөлісті.

– Мен үшін осы жыл – алғашқы тәжірибе. Жасақ құрамына бірінші рет кіріп отырмын. Ұйымдастырушылар тарапынан барлық жағдай жасалған. Мұнда көптеген жаңа достар таптым. Бастысы, ауылымыздың көркеюіне өз пайдамызды тигізіп жатырмыз. Жазғы демалысты смартфонға үңіліп өткізгенше, осылай пайдамен өткізген әлдеқайда жақсы. Мұнда келгеніме еш өкінбеймін. Барлық жағдай жасалған. Жаңа достар таптым. Өз ауылымыздың тазалығына үлес қосып жүргеніміз қуантады. Еңбек етіп, алғашқы табысымды тауып жатқаным ерекше сезім сыйлайды, – дейді жас еңбеккер.

Жастар еңбек жасақтары – жай ғана маусымдық жұмыс емес. Ол жасөспірімдердің еңбекке көзқарасын қалыптастыратын, туған жерге жанашырлық сезімін арттыратын, алғашқы еңбек мектебіне айналған жоба. Мұнда олар тек ақша табуды емес, уақытты бағалауды, ұжыммен жұмыс істеуді, жауапкершілікті сезінуді үйренеді.

Бастысы, жастар туған өлкесінің тазалығы мен көркеюіне өз қолымен үлес қосып жүргенін мақтан тұтады. Осындай игі бастамалар арқылы еңбек адамын құрметтеу мәдениеті қалыптасып, қоғамға пайдалы болудың мәні жас буынның санасына сіңе түсуде. Президент айтқан «Таза Қазақстан» бастамасы да осыны көздейді. Әулиекөлдік жастардың бұл қадамы – өскелең ұрпақтың еңбекқорлығы мен туған жерге деген жанашырлығының айқын көрінісі. Жастар ресурстық орталығының мамандары атап өткендей, жасаққа қабылданған балалар өте жауапты, тәртіпті және кешігу немесе жұмысқа келмей қалу деген жағдайлар мүлдем дерлік кездеспейді. Демек, Әулиекөлдің ертеңі еңбекпен шыңдалған, жауапкершілігі жоғары сенімді қолда!

Әулиекөл ауданы

Суреттерді түсірген – Василий ВАСИЛЬЕВ